Жаркент Айнасы

№19-20 (63-64),
5 қараша,
жұма, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

ГҮБІРНӘТІР КАЛПАКОВСКИЙ МЕН АЛБАН ТАЗАБЕК БАТЫР ЖӘНЕ ЖЕТІСУҒА ҰЙҒЫРЛАРДЫҢ ЖАППАЙ КӨШУІ



Калпаковскийдің ғой кім екенін екінің бірі біледі, ал Албан Тазабекті кәзіргі қазақтың көбі білмейді. Өйткені ол – Жетісуда орыс бодандығына алғаш қасқайып қарсы шыққан, сондықтан аты да, ісі де ұмыт болуға тиісті адам. Ол туралы ұзақ жыл айтылмады, жазылмады, сөйтіп жүргенде, білетіндердің бәрі о дүниеге аттанып кетті, білмейтіндер сондай адам бар еді деп қайдан іздесін? Ал саясат пен тарихтың таразысына салғанда, Тазабек – ұмытуға мүлде болмайтын айрықша батыр.

Шежіре дерек бойынша, ол – албан тайпасынан тарайтын Әлмерек абыздың ұрпағы. Әкесі – қалмақтарға қарсы соғыста аты шыққан Пұсырман батыр. Зерттеуші Ораз Қауғабаевтың айтуы бойынша, 1916-жылғы Қарқарадағы ұлт азаттық көтерілістің бір басшысы Әубәкір – Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманында» айтылатын Әубәкір – сол Тазабектің бел немересі, Солтанбек деген баласынан туған («Тазабек би», «Халық кеңесі», 23.07.94).

(Жалғасы 4-5 бетте)

Дәнеш Рақышев – 95

ҮНІҢ – САҒЫНЫШ, ӘНІҢ – АМАНАТ

Баршаңызға аян, Жаркент десе, ең алдымен еске түсер екі есім бар. Бірі – қазақ бейнелеу өнерінің атасы Әбілхан Қастеев, ал екіншісі – биыл баршамыз 95 жылдық мерейтойын тойлап жатқан әйгілі әнші, саңлақ сазгер, Қазақстан Республикасының халық әртісі Дәнеш Рақышев. Заманыздың дүлділ әншісі Дәнеш Рақышев тек қана Жетісу өңірінің сүйіктісі емес, күллі қазақ әлемінің ұлттық асыл қазынасын толықтыратын тұлға болып, 65 жылдық ғұмырында бәйге атындай зымырап өте шықты. Дәнеш аға бүкіл өмірін таза өнерге арнады. Өнер ол кісінің сүйегіне біткен теңдессіз қасиеті болатын. Сірә, тума талант деп осындайларды айтса дұрыс болар.

Әуезді әуенімен туған халқының сүйіспеншілігіне бөленіп, көзі тірісінде-ақ «Жетісудың бұлбұлы» деп атанған Дәнеш ағаның дара өнері сонау өткен ғасырдың елуінші жылдары Шығыс Түркістандағы қазақ жерінен бозбала кезінде бастау алғанын күллі көпшілік жақсы біледі. Қазақстан Республикасының халық әртісі, әнші, сазгер Дәнеш Рақышев 1926 жылы Талдықорған облысы, Панфилов ауданының Лесновка (Талды) ауылында дүниеге келген, қарапайым өмір кешкен адам. Дәнеш аға он жасынан өлең айтып көзге ілінсе, он бесінде сері бала атаныпты. Әуелі сырнай тартып ән салса, кейін домбыраға біржола ауыпты. Оның мінез-құлқы, өнерге құштарлығы қазақы ортада қалыптасады. Дәнеш ағаның бір ерекшелігі, бәлсінбейтін, бап тілемейтін, мақтау іздемейтін, жымиып қана әнін шырқайтын ақсары жігіт ел құрметіне тым ерте ие болады. Талабы, тәлімі, өнері айрықша екенін аңғарған аға өнерпаздар өз білгенін оған бар ынталарымен үйрете бастайды. Өйткені, үйренгенін өзінше құбылтып жіберетін жігіттен үлкен үміт күтеді, өнердің өлмес жалғасын көрген де болар, бәлкім. Ел көріп, өнер үйреніп, өзіндік қолтаңбасы әбден қалыптасқан 33 жасында – 1959 жылы туған жеріне оралады. Бұрын бұл жақта ешкім айтпаған, бітімі қазақы, бірақ ырғағы, мақамы бейтаныс әндерді айрықша мақпал дауыспен таза шырқайтын жігітті Қазақстан жұрты айрықша жылы ықыласпен қарсы алады.

Көмейіне бұлбұл ұялаған әнші Дәнеш ағамыздың 95 жылдығына орай «Үнің – сағыныш әнің – аманат» атты әуезді кеш Көктал ауылдық кітапханасының оқырмандар залында өтті. Кешіміздің қонағы Әдепхан Төреханұлы Жақыбаев Дәнеш Рақышевтың замандасы, әнші ағамызбен бірге өткізген күндері туралы естеліктерімен бөлісті. Әулиеағаш ауылдық мәдениет үйінің директоры Тұрдиев Мұхтархан Қайнелденұлы Д.Рақышевтың әндерін өз нақышына келтіріп орындап, көрермендер ықыласына ие болды. Кітапханамыздың тұрақты оқырманы Солтанқұлов Сайлау Турлығазыұлы да жылы лебізін білдіріп өтті. Мәдениет үйінің әдіскері Жылқышиева Мейрамкүл шара соңын әуезді әндерімен қорытындылады.

Қорыта айтқанда Дәнеш Рақышев есіме әлі де халық аузынан түспей келеді. Қазақ ән өнеріне өзіндік мәнер, сезім, түйсік енгізген, саз өнеріне үлес қосып, қайталанбас өрнегімен өрістеткен Дәнеш ағаның өзі де, өлеңі де бұл күнде халық мұрасы.

А.Майлыбаева,
Көктал ауылы.

Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Ағаш биіктеп өскен сайын тамыры жерге тереңдеп бойлай береді. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көп ойласа, өткенін соғұрлым көп білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес.

Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН

ТҰРПАНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРТУ

2- бет



ҚЫТАЙ ТУРАЛЫ АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

7- бет

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2022 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысып келеміз.

Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. 1 жылға жазылу бағасы 3210 теңге. Индексі – 65161.

Біз сізден қолдау күтеміз, ойлы оқырман! Ұрпағымыз өзінің шынайы тарихын біліп, ұлықты болып өссін. «Жаркент айнасы» – Жаркенттік рухты жандардың газеті.

ЕРБОЛ СЫПАТАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ТУРНИР

Жуырда ғана қазақ күресінен студенттер арасында өткен дүбірлі дода ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығына және де Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы Ербол Сыпатаевты еске алуға арналған еді. Алматы қаласы М.Горкий саябағының ішінде орналасқан М.Әуезов атындағы стадионның іргесіндегі күрес залында өткен аламанға қаладағы 10-ға тарта желтоқсан ұйымының басшылары құрметті қонақ ретінде шақырылған болатын. Желтоқсан батырлары жас балуандардың тартысты белдесулерін көз жазбай тамашалап үлкен әсер алды. Желтоқсан ардагерлері тартысты өткен белдесулерден алған әсерлерін айтып жеткізе алмай көңілді күйде отырды.

Бозкілемге шыққан балуандар 5 салмақ дәрежесі бойынша жеңіс үшін жан алысып жан берісken кездесулерін өткізді. Төрешілер де сүзгіден өткен сайдың тасындай қазақ күресінің мамандары болатын. Арасында Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Еркін Сайдақов бастаған қазылар тобының әділ шешімдеріне ешбір жан дау келтірмеді. Жарыстың салтанатты ашылуында сөз алған ПҚ «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев, Желтоқсан көтерілісінің батыры, осы бірлестіктің белді мүшесі Шолпан Нұрғалиева, Желтоқсан ардагері, кезінде еркін күрестен ел біріншілігінің жеңімпазы болған ардагер балуан Дархан Жакешев және марқұм Ербол Сыпатаевтың туған бауыры Ержан Сыпатаевтар айтулы турнирдің ерекшеліктеріне тоқталып, жас балуандарға жеңіс тіледі. Осындай аламан жекпе-жектердің өте жоғары деңгейде өтуіне ұйытқы болған Алматы қаласы әкімдігі, «Жанашыр» қорының президенті Жаңыл Әпетова, ПҚ «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев пен Абай атындағы Қазақ ҰПУ-не зор алғысымызды айтқымыз келеді. Ел ішінде мына бір аты жаман індеттің бой алып тұрған қиылы кезеңде, кішігірім жарыс ұйымдастырудың өзі оңай емес екені белгілі. Сондықтан да ұйымдастырушылардың төл күресіміз арқылы желтоқсанның рухын асқақтата түсу ойлары іске асты десе болады. Олардың батыл қадамдары мақтауға лайықты.

Хош, сонымен таңнан басталған байрақта сындар тұс ауа шегіне жетіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлердің есімдері де белгілі болды. Топжарған балуандар жарыс соңында ұйыдастырушылардың әзірлеген кубок, мақтау қағаздары және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Балуандарды Алматы қаласы әкімдігінің өкілі Айдар Рахымжанұлы, бірлестік төрағасы Болат Құрымбаев, «Қайсар жүрек» желтоқсан ұйымының төрайымы Шара Егенбаева және бірқатар желтоқсан қанды көтерілісінің қаһармандары жасұландарға ақжарма ақ баталар айтып, естелікке жалпы суретке түсті. Осылайша тартымды да тартысты өткен аламан жарыс мәресіне жетіп қатысушылар мен қонақтар қимай қоштасып тарқады.

Ақын ОРДАБАЙҰЛЫ,
Алматы.

ТҰРПАНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРТУ

Дене шынықтыру мен спорттың бұқаралық сипатын дамытып, халқымыздың салауатты өмір салтын жаңғырту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұған мемлекетімізде барынша қолдау жасалып келеді. Жергілікті жерде адамдардың спортпен, дене шынықтырумен шұғылдануына қажетті нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға да ерекше көңіл бөлінуде. Ауылдарда жаңа спорт алаңдары салынып, бұрынғы жаттығу залдары күрделі жөндеуден өткізілуде.

Бұл бағыттағы істерді өрістетуге кәсіпкерлер қауымы да бет бұра бастады. Бұған бір мысал жазиралы Жаркент өңіріндегі Қоңырқойнау баурайында орналасқан Тұрпан ауылының тұрғындарының өз ауылын өздері көркейтуге ден қойғаны. Өткен жылы қазан айында осы ауылдың тумалары Жалғас, Жандос есімді ағайынды кәсіпкер азаматтар жерлестеріне спорт сарайын салып беруге ынта білдіріп, ауыл орталығындағы бос жатқан 500 шаршы метр алаңға құрылыс қазығын қаққан болатын. Мақсатты іс үстіміздегі жылдың наурыз айынан бастап ұйымшылдықпен жүргізіліп, Жұмақан Нұржауов басқарған ауыл азаматтарынан құрылған құрылыс бригадасы сапалы, қарқынды жұмыс жасады. Құрылыста Жұмағали Әуелханұлы, Ақиық Серікұлы, Ернар Тоқтарбекұлы, Дастан Талғатұлы тағы басқа ауыл азаматтары тұрақты еңбек етті. Спорт сарайының жылу жүйесін Серік Садыбекұлы жасады. Сөйтіп Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық тойы аясында кәсіпкер азаматтар Жалғас пен Жандос Алтынбековтер ауылдастарына тарту еткен «Тұрпан күрес мектебінің» ашылу сәті Тұрпан ауылында салтанатты түрде өткізілді.

Салтанатты сәтте облыстық Спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев, Панфилов аудандық Ішкі саясат бөлімінің басшысы Марат Илипов, спорт ардагері Ардақ Назаров, Панфилов аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы Тоқтарбай Керімқұлов, өңірдегі белгілі кәсіпкер Тасқын Жапарқұл, аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Құлғайша Бердіғұлова, тағы басқа да алыс-жақыннан келген құрметті қонақтар бір уақытта 60 балуан бала жаттығу жасайтын спорт залы мен жаттығу, шағын футбол алаңдарын салып берген «Жаркент-Алғыр» ЖШС құрылыс ұйымының директоры Жалғас Дәулеткелдіұлы мен оның бауыры Жандосқа алғыс сезімін жаудырды. Шара барысында облыстық Спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев Жалғас пен Жандосты «Алматы облысы спортына үлес қосқаны үшін» төсбелгісімен және олардың аналары Жанаркан Жұмабаева мен Гүлнар Жүнісоваға республикалық «Спорт» журналы редакция алқасының шешімімен берілген «Ата-ана даңқы» орденімен марапаттады. Сондай-ақ жомарт жандар мен құрылысқа үлес қосқан азаматтар аудан әкімінің «Құрмет грамоталарымен», «Алғыс хаттарымен» марапатталып, басқа да сый-сияпаттар жасалды.

Айтпақшы, осы Жалғас пен Жандос Сарыбел ауылдық округінің кіреберіс шекара шебіндегі жотаға биіктігі 30 метрлік Қазақстан туын желбіретіп, мұны да Тәуелсіздіктің 30 жылдық тойына тарту еткенін айтып өткеніміз абзал. Үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасының Рәміздер күні мерекесінде құрылысы жүріп жатқан Спорт мектебінің ауласына биіктігі 13 метрлік Ту тұғырын орнатып, ел туын желбіреткен болатын. Ауылда салынған жаңа мешіт үйінің құрылысына да мол қаржы бөліп, ауылдастарына шарапаты тиген.

Қазір Жаркент өңіріндегі барлық елді мекендерде түгел дерлік жаңа мешіт үйлері салынып, пайдалануға берілді. Осының бәрі өңірдің қаржылы азаматтарының қолқабысымен атқарылған ғибратты іс. Біздің ойымызша ендігі жерде қалталы азаматтар Жалғас пен Жандостың бастамасын қолдап, халыққа өте қажетті әлеуметтік нысандар салуға бет бұрғаны абзал.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
Тұрпан ауылы.

Қоңыр күз, Қоңырқойнау, қоңыр әуен,
Күй сазына тербелген балқып әлем.
Қалай ғана тебіренбес бүгін жүрек,
Қозғалса тарихыңыз түбі терең.

Майса белес, көгалды ой сыр сақтаған,
Кездер болған жадымнан жырақтаған.
Қалай ғана ұмыттың дегендей бір,
Айбарлы ұн естіледі қыраттардан.

Тұрса да тарихымыз сан аңыздан,
Орын алған ерлік бар санамыздан.
Осы өңірді жайлапты Қоңыр батыр,
Елі үшін жауға кіріп, қамал бұзған.

ҚОҢЫР БАТЫР

Жау тигенде құлаған хандар тақтан,
Ел сондайда батырдан пана тапқан.
Халқына қорған болып Қоңыр батыр,
Жауына найза сұғып, қылыш шапқан.

Батыр болған көзі өткір, сөзі өктем,
Қояндытау қойнауын мекен еткен,
Тау сағалап, соғысып, қамап алып,
Атой салып қалмақтың қанын төккен.

Аңыздың түбі шындық, емес жалған,
Қоңыр батыр атауы содан қалған.
Өзгелердің жыртысын жыртып жүріп,
Батыр аты санадан шығып қалған.

Қоңыр батыр Үйсіннің ұрпағы еді,
Жау десе кесектеп қан жұтар еді.
Шарайнасы жарқырап қырға шықса,
Дауылдатып қарсы алған қырқа белі.

Жер үшін мұнда өткен сансыз ұрыс,
Атқа қонған көп батыр қайрап қылыш.
Сол батырдың бүгінгі ұрпақтары,
Мақтан қылар жасауда үлкен бір іс.

Бұл өңірден дүбірлі ұлдар туған,
Палуандық өнерге өрлеп белін буған.
Белдесіп Қоңыр батыр ұрпағымен
Талай-талай мықтының сағы сынған.

Үлкен-кіші бірлескен салғырт қалмай,
Жабылып іс бітпейді атқа қонбай.
Шеберлерді шыңдайтын сарай салып,
Батыр атын қайтадан жаңғыртқандай.

Ал, халайық, кетпесін бастан бақыт,
Жастар жүрсін намысты аспандатып.
Көк туын желбіретсе қазағымның,
Біз тұрайық бөркіті аспанға атып.

Молот СОЛТАНАЕВ

МЕМЛЕКЕТІ БАР ХАЛЫҚ – БАҚЫТТЫ ХАЛЫҚ

Қазақ мемлекеттілігінің тарихы Ақ Орда ханының ұрпақтары Керей мен Жәнібектің 1465 жылы алғашқы хандық құрған кезден бастау алады. Мүмкін, бұл термин біздің қазіргі түсінігіміздегі, бүгінгі шекарамыздағы бүкіл әлемге танымал және беделді болғанымыздай мемлекет бола алмаған да шығар. Бірақ, сол замандағы басқа да біршама мемлекеттердің негізі қаланып, тарих сахнасына шыққаны көне шежіреден белгілі. Ал, бұл игі бастама осынау тау тұлғалардың «ата-бабаларымыздың ұлы істерін жалғастырамыз...» деген ізгі ниеттен туындаған еді. Жалпы, қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің тарихы ежелгі дәуірлерден тән деп жорамалдасақ та болады.

Оған дәлел, Қазақ – осы Ұлы Далада туып, өсіп-өркендеп, талай ұлыс, талай қағанат орнатқан байырғы тұрғылықты халық. Ұлы Далада керегесін кең жайған Сақ, Ғұн мемлекеттері, Түрік қағанаты секілді іргелі ұлыстардың атауы әртүрлі болғанымен, тегі бір, түбі бір – Қазақ елі. Ғұндардың көсемі деп есептейтін Мөде хан да, Еуропаны дүрліктірген Еділ патша да, әлемді аузына қаратқан Түрік қағанатын орнатқан Бумын да, сол заманның айбынды батыры Күлтегін де, Мысырды билеген Бейбарыс та осы Ұлы Даланың әйгілі перзенттері. Шығыс Еуропаны жайлаған батыс Түрік қағанатының билеушілері де осы біздің ұлысымыздан болатын.

Шыңғыс ханды ақ киізге көтеріп, хан сайлаған да қазақтың дана билері еді. Тарихта әрқалай аталғаны болмаса, әр дәуірде дәурен сүргені болмаса – Үйсін, Қаңлы, Оғыз, Керей, Найман, Түркеш, Қарлық, Қарахан, Қимақ, Дешті қыпшақ, Моғолстан, Алтын Орда, Көк Орда, Ақ Орда – бәрі де, негізінен, қазақ рулары ұйытқы болған мемлекеттік бірлестіктер.

Қазақ хандығына дейін қазақ жерінде 20-ға жуық мемлекеттер болған. Солардың барлығы сол мемлекетті қалыптастырған тайпалардың атауымен аталады. Ғұн мемлекеті, Қаңлы мемлекеті, Оғыз мемлекеті, Түрік қағанаты, Түргеш, Қимақ бұлардың барлығы Қазақстандағы мемлекеттілік тарихының бір көрініс кезеңдері болған.

Ал, Қазақ хандығының ерекшелігі – «Қазақ» деген бір ғана тайпаның емес, Қазақ халқының мемлекеті болды. Яғни, Қазақ хандығының құрамына енген түркі тайпаларының барлығының басын бір орталыққа біріктірген мемлекеті.

«Ғасырлар тоғысында» деген еңбегінде «Қазақ хандығы бүкіл Орталық Азиядағы ең алғашқы құрылған ұлттық сипаттағы мемлекет» деп нақты, яғни дұрыс айтқан болатын.

Қазіргі күнде Қазақстан мемлекетін құрып отырған қазақ ұлты – Қазақ хандығының құрылуымен б.з. XV ғасырында тарих сахнасына шықты. Сол кезеңнен басталған, Қазақ хандығының тарихы XIX ғасырдың бірінші жартысында дейін жетті. Өкінішке қарай, Қазақ хандығы ұлттық сипаттағы мемлекет болса да, орта ғасырдағы қоғамдық қатынастарға негізделген мемлекет еді.

Қазақ хандығы Тәуке ханнан кейінгі кезеңдерде, бейбіт жағдайда бір-біріне бағынбайтын, тек соғыс болған кезде ғана амалсыз бірігетін кіші хандықтарға бөлінді. Бұл жағдайды Ресей пайдаланып, елдің ішкі сыртқы саяси жағдайларын ушықтыра түсті. Ал, одан кейін не болғаны бәрімізге мәлім.

Жалпы айтқанда, Қазақ хандығының үш жарым ғасырлық тарихы бар. Керей мен Жәнібек хандар оның негізін қалап берсе, оның түпкілікті жойылған уақыты Орта жүзде – 1822 жылы, Кіші жүзде – 1824 жылға сай келеді. Ал, Ішкі Бөкей Ордасында хандық 1845 жылы өзінің өмір сүруін тоқтатады. Уәли хан – Орта жүздің, Шерғазы, Бөкей хандар – Кіші жүздің соңғы хандары болып тарихта қалды.

Кейін, Қазақ хандығын қалпына келтіруге бар күш жігерін жұмсаған Кенесары сұлтан, 1841 жылы үш жүздің ханы болып сайланып, таққа отырады. Бірақ, он жыл бойы тәуелсіздік үшін күрес жүргізген Кене хан орыс отаршылдығына бас имеген қуйде қырғыз манаптарының сатқындығынан 1847 жылы қапыда қаза тапты.

Қазақ хандығының құрылуының бір ерекшелігі сонда, ол жеріміздегі этникалық үрдістердің дамуымен қатар жүрді. Қазақ

халқының этногенезі сонау қола дәуірінен басталады. Сол дәуірде қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығы этногенездің қозғаушы күш бола білді. Қазақ халқының этногенезі сонау қола дәуірінен басталды. Сол дәуірде қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығы этногенездің қозғаушы күш бола білді. Бұл көшпелі мал шаруашылығы түпкілікті түрде 1929-1930 жылдары Кеңестік қызыл империяның жауыздық саясатының нәтижесінде жойылды. Бұған дейін қазақ жеріндегі халықтың ұлттық менталитетін өмір қалыптастырды. Қазақ халқының қалыптасуының өз кезеңдері бар. Соңғы кезеңі б.з. XIV-XV ғасырларында өтті. Этникалық үрдіс пен саяси үрдістер бір-біріне өзара әсер етіп, үнемі алға жылжып отырды да, нәтижесінде Қазақ хандығы құрылды.

Қазақ хандығы – қазақтардың төл мемлекеті. Мемлекеті бар халық – бақытты халық. Мемлекеті жоқ халықтың территориясы, экономикасы, тілі, діні, мәдениеті мен рухани өмірі болмайды. Жасасын, Қазақ Елі!

Ж.ЧАНБАЕВА,
«Жауынгерлік Даңқ» музейінің
Қор сақтаушысы.

ЖЕР ТАРИХЫ – ЕЛ ТАРИХЫ

Жер бедері. Аудан геоморфологиялық ерекшелігіне қарай оңтүстікте Іле өзенінің кең аңғарында орналасқан, солтүстік бөлігі Жетісу Алатауының оңтүстік етегіне дейін созылып жатыр. Олар теңіз деңгейінен жағын Іле өзенінің жайылмасында 476 м биіктіктен басталып ең жоғарғы нүктесі 4178 м. биіктікке дейін Жетісу Алатауында орналасқан. Аумақта жер сілкіну күші 8-9 балға дейін болады.

Ауданның солтүстік бөлігі биік, орта және аласа таулар, абсолюттік биіктігі 2500 м-ден жоғары. Оңтүстік батысын орта таулы жер бедері алып жатыр, биіктігі 1600-2500 м-ге дейін. Абсолют биіктігі 400-1000 м болып келетін тау алды жазығы жалғасып ол оңтүстігінде Іле аңғарына ұласады. Жазық тегіс келуімен ерекшеленеді, кейде ғана құрғақ сай және өзен аңғарларымен тілімделіп, таудан ұзаған сайын жоғала беретін дөңестер ірі және ұсақ тастар шығарылымдарымен бұзылған.

Тау жанындағы жазық бірте-бірте тегіс жер бедерімен сипатталатын біркелкі өзен еңісі бар Іле өзенінің аңғарына ауысады. Жылғалардың және депрессиялардың әсерінен аңғардың жанжағы едәуір батбақты болып келеді. Ауданның Іле өзеніне тиесілі батыстан шығысқа қарай созылып жатқан бөлігі биіктіктері 10-15 м құм төбелерден (бархан) тұрады. Тегіс бөлігін кішігірім және ірі өзендер кесіп өтеді. Іле өзенінің аңғары ауданның ең төмен жері болып есептеледі.

Жетісу Алатауы — Қазақстандағы ірі, әрі құрылымы жағынан күрделі тау жүйелерінің бірі. Жетісу тау жүйесінің солтүстік және солтүстік-батыс жалғасы. Ол солтүстік-шығысында Алакөл қазаншұңқыры мен оңтүстік-батысында Іле өзені аңғары аралығында созыла орналасқан. Ұзындығы 450 км, ені 100-250 км. Жетісу Алатауын батыста Көксу, шығыста Боротола өзендері бөліп жатады. Осы екі бөлік Солтүстік және Оңтүстік Жетісу Алатауы болып, екі үлкен тау жотасын құрайды.

Оңтүстік Жетісу тау жүйесінің Сарышоқы мен Борохоро жоталары түгелдей дерлік Қытай жерінде жатыр. Қазақстан шекарасына таянған жерде Орқашар Барлық тауымен (3300 м) жалғаса отырып, Жайыр Майлы атты аласа жотаға ауысады. Осы жоталардың арасында кезінде тектоникалық жарылыстардан пайда болған үлкен аңғар бар. Ол кей жерлерде батпақты, қамысты, кей жерде құрғақ дала боп кетеді. Аңғар бойында үйінді тастар көп. Жергілікті халық оны қорым дейді. Осы аңғар арқылы Ебінұр көлінің қазаншұңқыры (Қытайда) Алакөл қазаншұңқырымен шектеседі. Осы алқап Жетісу (Жоңғар) қақпасы деп аталады. Ерте замандардан бастап осы қақпа арқылы Шығыс Еуропа мен Азияны, Қазақстанды жалғастырған Жібек жолы өткен, онымен Шыңғыс хан жаулаушылары, Жоңғар шапқыншылары жүрген. Жетісу Алатауының қазақстандық бөлігі осы қақпаның батысынан басталады да, шығысқа қарай Боротола өзеніне дейін Қытай-Қазақстан шекарасы бойымен созылады. Осы жерде Жетісу Алатауы асимметриялық құрылымдағы алып таулы жотаға айналады.

Көксу өзенінің екі жағын алып жатқан Жетісу Алатауының солтүстік, оңтүстік жоталарының да өзара ерекшеліктері бар. Солтүстік жотаның ең биік нүктесі Бесбақан (биіктігі 4622 м), оңтүстік жотаның биік нүктесі Мұзтау (4370). Солтүстік Жетісу жотасы сатылап, солтүстік-шығысқа қарай аласарып, кең жазыққа айналады. Оның алғашқы сатысы - Тастау, Ақан жайлау, Қотыртас, Мыңшұңқыр жоталары (2800-

3000 м). Бұлардың араларында тау аралық қысқа аңғарлар мен қазаншұңқырлар орналасқан. Оның ең ірісі - Ойжайлау қазаншұңқыры. Екінші саты Ойжайлаудан солтүстікке қараған Күнгей, Ешкіөлмес, Суықтау, Қарашоқы, Желдіқарағай тау жүйелері (2000 м). Үшінші саты Шыбынды, Қарасарық, Қырыккөл (1500-1600 м) тау алды алқаптары, олардың солтүстік шығысына Текелі мен Сайқан таулары (1100м), Баянжүрек, Қойтас, Малайсары жоталары да кіреді.

Оңтүстік Жетісу жотасының жер бедері де сатылы келеді, бірақ солтүстік жотаға қарағанда күшті тілімделген. Оның батысы мен оңтүстік батысында Итшоқы, Қотырқайың, Алтынемел, Суаттау тау алды жоталары орналасқан. Бұлар Іле өзені аңғарына жақындап келеді.

Солтүстік беткейдің жер бедері жазық, көлбеу келеді, тау қыраттарының төбесі тегіс. Тау қыраттарын бөліп жататын алаптары тік беткейлі, тілімделген, оңтүстік беткейлері құламалы. Солтүстікке қарағанда тау төбелері жазық емес, көтеріңкі.

Табиғат зоналары, өсімдіктері мен жануарлары Жетісу Алатауы Сібір мен Орта Азия тауларының аралығында жатқандықтан екі арадағы өткел қызметін атқарады. Оның солтүстігінде сібірлік шалғынды орман, оңтүстігінде далаға тән ландшафт қалыптасқан. Таудың биіктік белдеулері шөл, шөлейт зоналарынан (300-600 м-ден 1200-1400 м-ге дейін) басталады. Мұнда егіндік жерлер мен мал жайылымдары алып жатыр. Егістікке көкөніс, баубақша, жеміс ағаштары, екпе шөп және дәнді дақылдар өсіріледі. Одан жоғары дала зонасы (1000-1400 м-ден 1800-2000 м-ге дейін) жатады. Онда шырша, самырсын ағаштары өседі. Жануарлардан бұғы, аю, елік, т. б. кездеседі. Шалғындары мал жайылымына қолайлы. Таудың биік белдеуі солтүстікте 2200-2400 м-ден, оңтүстікте 2400-2500 м-ден жоғары басталады. Онда субальпілік шалғындар, омбы қарлар, мұздықтар кездеседі. Биік тау сілемдерін малшылар жайылым есебінде пайдаланады.

Жануарлар дүниесінде алтайлық және тянь-шаньдық түрлер көп. Олар да зоналық заңдылық бойынша тараған.

Жалпы аты Жетісу Алатауы аталғанымен, оның жекелеген сілемдері де өз алдына тау деп аталады.

Бежінтау – Жетісу Алатауының шығыс бөлігіндегі жота. Ол Тоқсанбай мен Тышқантау жоталарының түйіскен жерінен басталып, шығыста Қытай территориясына қарай ұласады. Қазақстан аумағындағы ең биік жері – 4098 м. Ұзындығы 100 шақырым шамасында. Метаморфтанған кварцит, әктас, тақтатас, гранит жыныстарынан түзілген. Жотаның күнгей беткейі тік жарқабақты, қатты тілімденген, баспалдақ пішіндес. Бежінтау жотасында 50 мұздық бар.

Жотаның баурайларынан үлкенді-кішілі өзендер бастау алады. Ірілері: Көксу, Қорғас, Ортақсары. Бежінтауда тауға тән альпілік және субальпілік шалғын шөп өскен шым топырақ қалыптасқан. Одан төменде, жотаның солтүстік беткейінде қарағайлы-шыршалы орман, ал 600-1300 м биіктікте (таулық далалық белдеу) бұта аралас дала өсімдіктері өседі.

Тышқантау – Жетісу Алатауының оңтүстік сілеміндегі тау. Қазақстан және Қытай шекарасында. Ең биік жері 4005 м. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 400 км-ге созылып жатыр, ені 25 – 30 км. Силур, девон, карбон жыныстарынан түзілген. Жоғары жағында көп жылдық қар мен мұздық бар. Өсек, Тышқан өзендері бастау алады.

Қояндытау жотасы – Жетісу Алатауының оңтүстік-батысындағы жота. Алтынемел жотасының шығыс жалғасы. Абсолюттік биіктігі 3459 м (шығысындағы Суаттау тауларында), орташа биіктігі 2500 – 3000 м. Қояндытау жотасын Тамшы асуынан шығысқа қарай шартты түрде Сауттау таулары деп атайды. Кербұлақ және Панфилов аудандары жерінде орналасқан. Батыстан шығысқа қарай 55 км-ге созылып жатыр, орта тұсындағы енді жері 20 км-ге жетеді.

Геологиялық тұрғысынан жотаның жер қыртысы палеозойдың эффузивті және гранитті жыныстарынан түзілген. Сондай-ақ тас көмір, пермь дәуірінің шөгінділері де кездеседі. Солтүстік беткейінен Кескентерек өзенінің салалары бастау алса, оңтүстік беткейінен Көктерек, Бурақожыр, Қайшы өзендері бастау алады және осы өзендердің арналары тілімденген.

Жота беткейінде биіктігі орташа тау ландшафтысы қалыптасқан. Оңтүстік және солтүстік беткейлерінің етегінің қоңыр және қызғылт қоңыр топырағында дала өсімдіктері өседі. Одан жоғарыда көк терек, ақ терек, қайың аралас жеміс ағаштарынан тұратын сирек орман қалыптасқан. Солтүстігінің 2500 м биіктігінде қарағай шоқтары кездеседі. Одан жоғарыда альпі шалғындары өседі.

Ақтау – Панфилов ауданындағы оқшау тау. Абсолюттік биіктігі 893 м. Жер бедері сайжыраларымен тілімденген және ендік бағытта жатқан таудың ұзындығы 9 км, енді жері 6-7 км-дей. Биіктігі-100 м, жалпы ауданы-50 км/км. Таудың Іле аңғарына қарайтын оңтүстік беткейі жайпақ келген. Ақтау таулары ежелгі теңіздің тартылу әсерінен пайда болған жерлер. Теңіздің тартылу нәтижесінде көптеген әемі сайлар, шатқалдар пайда болған. Әсіресе, түрлі-түсті түске боялған тау көрінісі көрген адамды басқа әлемге тап болғандай әсерде қалдырады. Тау әртүрлі бояуларға боялған, атап айтқанда, үсті – қызыл, ортасы - қызғылт, етек жағы – сары түсті болып келеді. Бұл жерлерді зерттеу барысында көптеген ежелгі жануарлар мен өсімдіктер қалдықтары табылған. Табылған қалдықтарға қарап, шамамен осыдан 50 млн жыл бұрынғы кезеңді қамтитын қолтырауын, тасбақа, алып мүйізтұмсық т.б мекен еткендері анықталған. Ақтау палеонтологиялық қазба орны бар. Толықтай сақталған бронтотерия мен үш тасбақаның қаңқалары 1995-1997 ж. аралығында Қазақстан – Америка бірлескен зерттеу жұмыстары барысында анықталған. Табылған ағаш діңі, жапырақтарға қарап, бұл жердегі ағаштар қазіргі осы аймақта өсетін өсімдіктердің арғы тегі екені анықталған. Беткейі мен етегінде бұта аралас (сексеуіл, жүзгін) астық тұқымдас шөптесіндер өседі. Батысында Үкгүл бұлағы, шығысында бұта шоғырлары кездеседі.

Қатутау жотасы – Жетісу Алатауының оңтүстік сілеміндегі жота. Солтүстігінде Қоғалы тауаралық аңғарына, оңтүстігінде Достар және Ақтау таулары арқылы Іле аңғарына ұласады. Абсолюттік биіктігі 1630 м. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 45 км-ге созылып жатыр, енді жері 10-20 км.

Қатутау жотасы жоғарғы палеозой және мезо-кайнозойдың құмтас, конгломерат, мергель, әктас шөгінділерінен түзілген. Делювийлі-пролювийлі тауаралық жазығының бозғылт қоңыр топырағында бұта аралас тасбұйырғын, бұйырғын, жусан, ши, т.б. өсімдіктер өседі. Таудың тектоникалық көтерілуге ұшыраған орта бөлігінде бұлақтар көп.

Қарақұм – Іле өзенінің оң жағалауындағы құмды алқап. Қытаймен шекаралас орналасқан. Абсолюттік биіктігі 540 – 880 м. Оңтүстіктен солтүстікке 50 км-ге созылып жатыр. Ені 34 км-ге жетеді. Қарақұмның батысында Буракожыр (Борохудзир), шығысында Қорғас өзендері, солтүстігінде Тоқсанбай жотасы, оңтүстігінде Іле өзені аңғары жатыр. Құм Үсек (Өсек), Бурақожыр, Қорғас және Іле өзендері алып келген аллювий жыныстарынан пайда болған. Төбелі, қыркалы құмдардың биіктігі 20-25 м-ге жетеді. Мұнда ақ сексеуіл, жүзгін, жыңғыл, етегінде тораңғы өседі. Шағын көлдер кездеседі.

Қанипа УСПАНОВА,
Ә. Қастеев атындағы орта
мектептің география пәні мұғалімі.
Алтыуй ауылы.

(Басы 1-бетте)

ГҮБІРНӘТІР КАЛПАКОВСКИЙ МЕН АЛБАН ТАЗАБЕК БАТЫР ЖӘНЕ ЖЕТІСУҒА ҰЙҒЫРЛАРДЫҢ ЖАППАЙ КӨШУІ

Бұл сөздің растығы күмән тудырмайды, өйткені Ілияс Жансүгіров жыйнаған «Жәркент оязында» деген деректердің ішінде Әубәкір Сұлтанбекұлының естелігі бар, сонда ол: «Менің әкем Тазабек албанды алғаш орыс алғанда, қарамаймын деп қарсыласып жүріп, орыстан оққа ұшып өлген екен», — деп жазады (Ілияс Жансүгіров «Жетісу», Алматы, 2001, 74-бет). Атасын әке дей беретін әдет бойынша, Әубәкірдің Тазабекті «әкем» деуінде ешқандай ерсілік жоқ деп ойлаймын. П.Румянцевтің «Жәркент үйезі» кітәбіндегі «Ауыл бойынша тізім» бөлімінде 93-қауым, Әлмерек руы бойынша Жақыпбек (Джакпек) Солтанбек, Уаккас Солтанбек, Дамбай Тазыбек, Чокпа Солтанбек деген кісілер Далатысайды; Абылгазы Солтанбек, Тезек Тазабек, Аубакыр Солтанбек, Садыкпек Солтанбек деген адамдар Кеңсуды мекендейді деп көрсетілген. Аты-жөндеріне қарағанда, олардың Тазабекке туыстығы бар.

Тазабектің би болғаны да даусыз, дәлелді. 1846-жылдың 23-маусымында ұлы жүз қазақтарының сұлтандары, билері мен ру басылары Ресей бодандығын қабылдауға байланысты міндеттеме алады. Сол міндеттемеге Тазабек те қол қойған. Міндеттеме орыс және арап әрібімен орыс және қазақ тілінде жазылған. Бірінші болып сұлтан Сүйік Абылайханов қол қойса, 29-болып «билер» деген қатарда «Тазабек Бусурманов» деген

орысша жазудың оң жағында Тазабектің арапша қолы мен албанның таңбасы тұр («Казахско – русские отношения в XVIII — XIX веках». «Наука», 1964, 319 және 324-бет). Ал ұйғыр тарихшысы М.Кабировтың зерттеуінде Тазабек Меркі болысының бұрынғы басқарушысы делінеді («Переселения Илийских уйгур в Семиречье». Алматы, 1951. 40-бет).

Өстіп орыс патшалығына уәде беріп қол қойған, болыс болған, орыстан прапорщик деген дәреже алған Тазабектің кейін орыс бодандығына қарсы күресуінде не себеп бар?

Меніңше, оның ең басты себебі Тазабектің ақылды, көз алдында өтіп жатқан оқыйғаларға халық мүддесіне орай баға бере алатын көрегендігінде болса керек. Орыс отаршылары әу баста қазаққа жылы сөйлеп, жақсы уәде беріп жақындады, Қытайдың, қырғыздың, Қоқанның қоқаңдауынан қорғаушы болды. 1846-жылы Іле бойына Кенесары келді, оның онда келуі патша өкіметінің мазасын алды: бодандыққа бет бұрған елдің пейілін бұзуы мүмкін-ді. Және солай болды да. Кенесарыны қырғыздардың тұтқын етуі, ақырында оны өлтіруі, сол оқыйғалардың түпкі түрткісі орыс патшалығының отарлау сайасаты екені Тазабек сынды ел қамын ойлай білетін азаматтарды, сөз

жоқ шошындырған болу керек. 1847-жылы Қапал қаласы әскери бекініс орнына айналды, 1854-жылы көне Алматының түбіне Верный бекініс салынды, Қырғыздың сарыбағышы мен бұғысы өзара соғысып, қырғынға ұшыраған бұғылар қашып Жәркент үйезінің жеріне тығылды. Бұғылар Ыстық көлдің шығысын жайлайтын және Қытайдың боданы саналатын, ал сарыбағыштар Ыстық көлдің батысын мекендеген және қоқандықтардың қоластында болатын. Қытайдан еш көмек болмайтынын білген бұғылықтар енді амал жоқ пана іздеп орыс патшалығының қоластына өтуге ұмтылды. Мұның бәрі ел арасын, шегараның жағдайын қатты шиеленістірді. 1858-жылы ұлы жүз приставы болып келген Калпаковский 1860-жылы Тойшыбек бекінісін талқандап, қоқандықтардың соңғы үмітін үзді. Орыстан гөрі өзбегім тәуір ме деп дүдәмәл жүрген талай қазақ енді амалсыз орыстың зеңбірек күшіне мойынсұнды. 1867-жылы Жетісу қазақ орыс әскері жасақталды, Жетісудың түкпір-түкпіріне әскери-ғылыми екіспедитсиалар үздіксіз жөнелтіліп жатты; Пішпек, Тоқмақ, Түркістан орысқа қарап қалды, құрсау күн санап тарылып келе жатты. Осы тұста арғы-бергіні салыстыра біліп, қазаққа қай жолдың пайдалы екенін пайымдауға тырысқан Тазабек отарлаушы орыс бола ма, өзбек бола ма, олардың түпкі мақсаты бір екенін сезе білген секілді. Шұрайлы жерді, қолайлы қонысты келімсектер алып жатқанын көрді, қазақтың мойнына іліне жатқан қамыттың қауіпті екенін іші сезді, сезіктенді, сондықтан енді оған шамасы жеткенше қарсылық жасай бастады: әуелі сөзімен, насихатымен, ел ішіндегі өзінің беделімен. Оның ол әрекеті Калпаковскийдің, басқаның құлағына жетіп, көзіне түспей қалған жоқ. Текетірес осыдан басталды, содан асқынды, шенге, атаққа Тазабек сатылмады.

Ол кезде орыс-қытай шегарасының арғы, бергі бетінде аралас-қоралас отырған албан, суан тайпасы Қытай жеріндегі мұсылман халықтарымен де сауда-саттық алым-берім жолымен тығыз байланысып тұрды. Шығыс Түркістандағы ұйғыр, дүнген халықтарының наразылығы шегарадағы жұртқа құпиа болмаса керек-ті. Себебі ол кезде суан тайпасының аға сұлтаны Адамсат Ибатов Үсек өзенінің шығыс бетіндегі Шежін деген ауылға орналасқан-ды, ал Шежін тұрған Үсек пен Қорғас өзендерінің екі арасы ресми түрде Қытайға қарайтын, оның солай екенін Шоқанның 1856-жылы Құлжаға барған сапарнамасын оқыған адам да біледі. 1860-жылдардың басында дүнген көтерілісі болды, одан кейін Қашғардың билеушісі Жақыпбек бүкіл Шығыс Түркістанды өзіне қаратып алды. 1864-жылы Қытайда таранша-дүнген көтерілісі жеңіске жетіп, бірақ артынан дүнгендер мен тараншылар өзара қырылысып, ақырында тараншылар (ұйғырлар) дүнгендердің қырғанын қырып, қырмағанын қуып, Құлжада жеке Ұйғыр сұлтанатын құрды. Орыс патшалығы ол көтерілістің өзінен бұрын басқа халыққа әсер ететін үлгісінен қорықты. Қорқуы бекер де емес-ті.

Тазабек батыр ұйғыр сұлтаны Әбіл-оғлымен байланыс жасап, орыс билеген елден опа таппаймыз деп, мың үй албанды ұйғыр сұлтанатының жеріне көшіріп әкетті. Бұл гүбірнәтір Калпаковский үшін де, орталықтағы орыс шенеуніктері үшін де күтпеген жағдай еді. Орыс шаруаларын босаған жерге әкеліп орналастыру үшін, бір қарағанда, қолайлы болғанмен, мұншалық ел-жұрттың бірден үдере көшіп кетуі саяси және өзгеге үлгі болу жағынан өте қауіпті болатын. Ресей қоластына қарауға ашық қарсылық жасаудың бұл айрықша және ешкім күтпеген түрі еді. Анау-мынау азын-аулақ та емес, бір үйде орта есеппен ол кезде бес адамнан болу керек деп есептегенде, көшіп кеткен мың үйде, кем дегенде, бес мың адам бар деген сөз. Бұл елемеуге, мән бермеуге болмайтын оқиға еді. Калпаковскийдің қатты шырыққаны, қалайда батыл бір әрекет жасауға бекінгені зерттеушілердің пайымдауынан да байқалады.

Ю.Г.Баранова мен А.У.Жандосов: «Протестный характер носили, несомненно, две большие откочевки в Илийский край, имевшие место в начале 1871 г., – казахов рода албан (по русским источникам: атбан) во главе с полковником царской службы султаном Тезеком, внуком Аблай хана (свыше 1 тыс. чел.) и рода кызай во главе с волостным управителем Тазабеком (свыше 5 тыс. чел.). Неудавшаяся попытка урегулировать дипломатическим путем вопрос о выдаче (экстрадиции) султана Тезека и возвращении считавшихся беглецами албанов и кызаев позволила местным российским властям создать формальный предлог для занятия Кульджи, что привело к вынужденной самоликвидации Таранчинского султаната», – деп жазады («Туған өлке», N1(6) 2006. 73-бет). Тарихшылар Тазабекті қызай деп қателескенімен, оның болыс болғанын және ұйғыр сұлтанатының түбіне жеткен Калпаковский екенін тап басып айтады.

Жәркент оязындағы сол кездің жағдайын өзі Жетісу облысының Қоныстандыру басқармасында есепке алу бөлімін басқарған, сол облыстың шаруашылығы мен жерді пайдалануы жөнінде жеті том кітәп жазған П.П.Румянцевтен артық білетін адамды таба қою қиын. Сол Румянцев өзінің Жәркент үйезіне арналған кітәбінде (С.Петербург, 1912) орыс-қытай шегарасындағы жағдайды былай түсіндіреді.

Құлжада тәуелсіз ұйғыр сұлтанаты құрылып, оның сұлтандығына Әбіл-оғлы-хан сайланғаннан кейін, 1865-жылы орыс өкіметі шегараны мықтауға жедел қам жасайды. Текеске (қазіргі Ырайымбек ауданында), Бурақожыр өзенінің бойына (қазіргі Көктал ауылының қасы), Аяқ сазға (Белжайлаудың шығыс жақ етегі), Шонжыға әскери әтірет қояды. Алайда патша өкіметінің боданы саналатын жергілікті албан-суандар ол әтіреттің тұрғанына да, өздерінің болыс-болысқа 1864-жылы бөлінгендігіне де қарамастан, 1866-жылы тараншы сұлтанатының шегарасына емін-еркін өтіп кетеді. Онымен де қоймай, олар орыс бекеттеріне шабуыл жасап, малдарын айдап әкетеді. Орыс өкіметі ұйғыр сұлтанатынан оларды қатаң жазалауды қайта-қайта өтінеді. Ал ұйғыр сұлтанаты бір жағынан орыстардан қорқып, екінші жағынан албандарды жазалауға шамасы келмей, әбден сасады. Әйтеуір, албандарды Ұзынтаудың солтүстігіне таман көшіруге әзер көндіреді. Сөйтіп отырғанда, Тазабек мың үй албанды орысқа бағындырмаймын деп тағы алып өтеді. Бұған бұдан әрі төзе беру орыс патшалығының беделін біржола түсіретін еді, сондықтан сол кездегі Жетісу обылысының әскери гүбірнәтірі Калпаковский ұйғыр сұлтанатынан Тазабекті ұстап беріп, онымен ілесіп барған мың үйді қайта өткізіп беруді әлденеше рет қатаң талап етеді. Тазабекті ұстап берудің орнына Мазарт деген жерде сұлтан орыс әтіретіне шабуыл да жасайды. Осыдан кейін Калпаковский Бурақожыр өзенінің бойына әскер әкеліп, шабуылға дайындалады. Гүбірнәтір Калпаковский 1871-жылдың 12-маусым күні Бурақожырдан (Көкталдан) Құлжаға қарай аттаныс жасайды. 19-маусым күні тараншылардың Сүйдін бекінісін басып алады, 21-маусым күні Құлжаның билеуші сұлтаны Әбіл-оғлы хан орыс ләгіріне өзі келіп беріледі. Тазабекті де сол арада ұстап береді. 22-маусым күні Калпаковский Құлжа қаласын алады.

Тазабек жайындағы Румянцевтің осы мәліметін тарих ғылымының докторы Нәбижан Мұқаметханұлы «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860 – 1920 жж.)» деген еңбегінде толық қуаттайды. «Ал сол кезде албан елінің біраз рулары Жетісу өңірінен Қытайдың Іле аймағына ауып барғаны да шындық. Э.Мамидова өз еңбегінде: «Түркістан үкіметі Қытайдың батыс өңіріндегі тұрғындардың қытайдың батыс өңіріндегі көтерілісшілермен барыс-келіс жасауын қатаң шектесе де, мыңдаған қазақ, қырғыз отбасылары жедел барып көтерілісшілерді қолдады (мысалы, Тазабек Басарманов бастаған мың түтін қазақтар шекарадан асып кетті)», – деп жазады... Жоғарыда Э.Мамидова атаған Тазабектің Қытай шегарасын асып Іле аймағына баруы, әсте, ондағы көтерілісті қолдау үшін жасалған жорық емес, керісінше Ресей отаршылдарына қарсылық көрсету тұрғысынан жасалған қадам болып табылады. 1869-жылы Алматы өңірінде отырған албан елінің басшыларының бірі Тазабек патшалық Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығына қарсылық көрсетеді. Бірақ оның барлық әрекеті отаршылдар жағынан қатты жанышталады. Сонымен Тазабек елімен ақылдасып, жер аударып болса да орыстың қысымынан құтылу жолын қарастырды. Қытай тарихшысы Ши Шыңшүн мырза осы оқиға жөнінде жазған еңбегінде: «1871-жылдың басында, Тазабек Әлиханға (Іле сұлтаны) хат жазып, өз руларын бастап Ілеге көшіп баратындығының себептерін түсіндіріп, Әлиханнің оларды қабылдауын талап етеді. Әлихан оған жауап хат жазып, оны қабылдайтындығын айтады.

Тазабектің қоныс аударуға дайындық жасап жатқандығын Ресей жансыздары сезіп қояды да, сәуір айының бір күні орыс әскерлері албан руын кенеттен қоршауға алады. Тазабек өз адамдарымен орыс әскерлерімен қатты соғысады. Сол күні таң атарда Тазабек орыс әскерлерінің

қоршауын бұзып шығып, мыңнан аса отбасын бастап, Қытай жаққа суыт көшеді. Олар бірнеше күн жол жүріп, Шонжы қарауылынан өтіп Ілеге барады. Әлихан оларды Іленің Тоғызтарау ауданына орналастырады.

Оған намыстанып ызаланған патшалық Ресей үкіметі, Тазабекті жазаға тартпақ болып, Әлиханға хат жазып: Сендер Тазабекті ұстап әкеліп бермейтін болсаңдар, саған және сенің халқыңа жақсылық болмайды. Біз сөзсіз сені әуре-сарсаңға саламыз. Сондай-ақ сенің отаныңды басып аламыз дейді. Әлихан олардың талабын орындамады. Содан көп өтпей патшалық Ресей Ілеге зор көлемде әскери шабуыл жасап, Іле аймағын басып алады. Әлихан оған тізе бүгіп, амалсыздан Тазабекті оған тапсырып береді. Орыстар Тазабекті темір шынжырмен байлап-матап Алматыға әкеліп, оны азаптап аса жантүршігерлік қинау жасап, ғайуандықпен өлтіреді», – деп баяндайды. Бұл – тарихи шындық. Сөйтіп бұл арада талдап айтуға тиісті маңызды мәселе мынау:

Патшалық Ресейдің Ілені әскери күшпен басып алуы – тек Тазабекті тұтқындап әкелу үшін ғана емес. Олардың Тазабекті ұстап келеміз дегені – желеу, сол арқылы Англияға қыр көрсетпек болғаны шындық еді. Себебі ол кезде Англия отаршылдары өзінің отары Үндістан арқылы Тянь шань тауының арғы бетіндегі Қашғарға қадам баса бастаған болатын. Сондықтан патшалық Ресей үкіметі Ұлыбританияны шәужайдан қағып, олардың отарлық өрісінің Тянь шань тауы өңіріне қарай қанат жайып келуін шектеу үшін жасалған әскери құйтырқы шара еді. Бұл шара орыстар үшін Құлжаны қолға ұстай тұру – стратегиялық жақтан аса қажетті. Сөйтіп олар 1871- жылдан 1881-жылға дейін он жыл бойы табан аумай Қытайдың Іле аймағына өзінің отарлық үстемдігін жүргізді», — дейді («Қазақпарат», Алматы, 2000, 133 – 134-бет).

Ғалымның мұнда Әлихан деп отырғаны – ұйғыр (тараншы) сұлтаны Әбілоғлының аты.

Осы шындықты кезінде Ілияс Жансүгіров те өзінің «Ұзынағаш соғысы» деген еңбегінде тәптіштеп жазыпты: «Қытайдың ұлықтары өзіне қараған ұлттардың басынан бақайына шейін сорды. Тәртібі қатал, істегені құры зорлық талау еді. Елдің қолындағы малы, азығы, аялы (әйелі — Б.Н.), тіпті үй ішіндегі көзге түсерлік нәрселері де еріксіз тартып алынатын еді. Аяғында Қытайдың осындай талау тәртібі өзіне қарсы дүнген, тараншы көтерілістерін туғызды. Таранышылар ішіндегі қытайды қырып салып, ұлықтарын өлтіріп, Абылұлы деген таранышыны хан көтерді... Кейін орыстан қашқан Албан Тазабекті бермеген себепті сылтауратып, орыс Құлжа ауданына аттаныс жасап таранышыдан Құлжаны алды», – дейді (І.Ж. «Жетісу», Алматы, 2001, 50-бет).

Ілияс Жансүгіров бұдан әрі бұл деректің шеңберін кеңейте мәлімдейді: «Қытайға шектес елдегі Бұғы қырғыздары, қазақтың Албан руы орысқа көпке шейін орнықпай, керқайзаңдық қылды. Мұның бірі – Албан Тазабек. Тазабек таранышы ханымен сөздес болып, орысқа бағынғысы келмейді. Албандағы Құрман Саурық деген кісі де (1916-жылғы ұлт азаттық көтерілісінің тағы бір көсемі Ұзақ Саурықовтың әкесі – Б.Н.) орысқа бағындырмай, ең болмаса Албанды ажыратып алғысы келеді. Өзіне ерген Албанды көшіріп, Құлжа маңайына көшеді. Бұған Бұғы қырғызы да қосылады. Саурық, Батыш, Жетен деген адамдарды орыс ұстауға шығады... Қытайдың Су асу деген жерінде жатқанда, 30 қазақ-орыс қазақтан басшы апарып, Саурықты ұстайды. Мұның қолында қырғыз Балбай деген болады. Бұл екеуін Алматыға әкеліп «абақтыда өлді» қылып көзін жоғалтады», – дейді Ілияс (Аталмыш кітәп, 51-бет).

Мұны оқығанда, 1916-жылдың көсемдері Ұзақ батыр мен Әубәкір батырдың орыс патшалығында ежелден кегі бар екенін еріксіз ойға аласың.

«Тазабек орысқа қарсы» дегеннен Тазабекті ұстауға Алматыдан 100-дей казак-орыс шығады. «Тазабекке орыс шықты» дегенде, Тазабек шындап атқа мініп, жақын жердегі орыс қарауылдарын өлтіреді. Тазабектің жинаған азын-аулақ жасағы болады. Тазабекті қуған орыс Іле бойында Тазабекпен кездесіп, атыс болып, екі жақтан да бірқауым кісі өледі. Ақырында Тазабек тайқап, Қырғызсайды басып, Сүмбемен асып, Құлжаға кіріп кетеді. Таранышы ханы Абылұлының қолтығына барып кірді.

Орыс Ушаков таранышыға тап беріп, Құлжа маңайына әскер аттандырды. Бұл әскер Шалкөдені басып жүрді.

Албан жиналып, Есенаман деген кісіні хабарға жібереді таранышыға. Таранышылар шабынысып, орысты тосады. Орыс таранышыға кісі салып, Тазабекті сұрайды. Таранышы Саурықты сұрады. Екі жақ сөз келісе алмай, орыс бұлады. Ол жолы таранышылар орысты табандатып жеңіп, бірталай адамын өлтіріп, әскерін қашырды.

Калпаковский қайта күш жинап, таранышыға аттанады. Іленің екі жағын өрлеп, орыстың көп әскері жүреді. Калпаковский өзі де осы жорықтың ішінде болады. Орыс тепкісіне шыдамай, таранышы орысқа бағынады. Таранышылар (Тазабекті) Калпаковскийдің қолына береді. Бұл жолы Шалтабай деген Саурықтың інісін де орыс ұстайды. Бұл 1871-жыл еді.

Тазабекті орыс түрмеде Саурықшылатып өлтіреді. Шалтабайды Сібірге айдайды. Шалтабай сол кеткеннен 10 жылдан соң қайтып елге қосылады», – деп баяндайды Ілияс Жансүгіров («Жетісу», 2001, 51-бет).

Сөйтіп, Калпаковский Тазабекті өлтіріп, Таранышы сұлтанатын құлатып тынады. Ораз Қауғабаев аталмыш зерттеуінде Тазабекті «елге әкелген соң атуға халықтан қорқып, у беріп өлтіреді», оның «зираты Шелек ауданындағы Қорам ауылының маңында» дегенді айтады. Әйтеуір, Тазабектің Калпаковскийден аман құтылмағаны анық. Ал таранышының соңғы сұлтаны Әбілоғлыны Калпаковский 1871-жылдың 18-тамызында отбасымен бірге Алматыға әкеліп орналастырады. (М.Кабиров. Аталмыш кітәбі. 46-бет). Алматыдағы кәзіргі Сұлтан қорған – соған берілген жер.

Тазабекті қайтарып бермедің дегенді сылтауратып Құлжаға дейінгі жерді орыс патшалығына қаратып алған Калпаковскийдің бұл жеңісі кейін Жетісу өлкесінің тіршілігіне өте үлкен өзгеріс әкелді: Құлжа өлкесі 1871- жылдан 1881-жылға дейін орыс патшалығына қарап тұрды. 1881-жылы Қытаймен Петербург келісімі жасалды, ол келісім бойынша Құлжа өлкесі Қытайға қайтарылып, есесіне Қорғас өзеніне дейінгі жер Ресейге берілді, екі елдің аралық шегарасы енді Қорғас өзені болып белгіленді, ал Құлжада қалғысы келмейтін барлық жергілікті халыққа Ресейге емін-еркін көшіп кетуіне рұқсат берілді.

Көтеріліске қатысқанымыз үшін кек алады деп қорқып, барлық мұсылман Ресейге көшіп келуге келісті. 1881-жылдан бастап о жақтағы албан, суан тайпалары, таранышылар мен дүнгендер Жетісу жеріне көшіп келіп, соның нәтижесінде, 1882-жылы жаңа Жаркент үйезі құрылды да, Жетісу өлкесінде тұңғыш ұйғыр (таранышы) ауылдары пайда болды. Түпкі мақсаты Жетісуды жаппай орыстандыру болған Калпаковский әскерді азықпен қамтамасыз ету және қоныс аударғандарды асырау үшін, егінші таранышылар (таранышы – егінші деген сөз – Б.Н.) мен дүнгендердің көбірек өткені қажет деген сылтаумен қазақтардың Жетісуға көптеп келуіне мүмкіндігінше кедергі жасап бақты, әртүрлі сөз таратып, келейін деп отырған қазақтарды айнытуға тырысты. Соның салдарынан әуелгі кезде түгелдей көшіп келеміз деп отырған бірнеше болыс қызай тайпасы кейін көшпей қалып қойды.

П.П.Румянцев аталмыш кітәбінің «Таранышылар» деп аталатын V-томында (С.Петербург, 1911), ұйғырлар арасында Жетісу жеріне көшуді белсенді түрде үгіттеген Уәли-Ахун-Юлдашев атты ақылды, іскер адам болғанын айтады. Ол өзі бай, ықпалды адам болғандықтан, өзінің жанашыр адамдарын суы мол Қорғас, Тышқан, Үсек өзендерінің бойына орналастырыпты.

Жетісуға ұйғырлардың қоныстануы хақында ұйғыр ғалымы М.Кабировтың «Переселение Илийских уйгур в Семиречье» деген зерттеу кітәбі бар (1951). Бұл мәселеге қатысты М.Кабиров арнайы кітәп жазды, ғалымдар Ю.Баранова мен

А.У.Жандосов «О вынужденной миграции и переходе в российское подданство различных групп мусульманского населения Кульджинского края Синцзяна» деген зерттеу мақала жариялады («Туған өлке», N1(6), 2006). Ю.Баранова «К вопросу о переселении мусулманского населения из Илийского края в Семиречье в 1881-1883 гг.» деген (1959) зерттеуінде және М.Кабиров аталмыш кітәбінде Жетісуға 9572 ұйғыр отбасы, яғни 45373 адам келді десе, Ілияс Жансүгіров: «1882-жылы уадасына Құлжа ауданынан ауып 45 000 таранышы, 6000 дүнген келді. Бұл дүнгендер Пішпектің батыс жағына отырғызылып, таранышылар Жаркент, Алматы ояздарына жайғастырылды», – деп жазады. П.Румянцев мұның сыртында 1886-жылы Құлжа өлкесінен тағы 2000 таранышы көшіп келіп, оларды Калпаковскийдің 70 үй қазақты Алпысбай баққа, 80 үй қазақты Ақшиге көшіріп, ал олардың орнына сол ұйғырларды Алматы маңайына орналастырғанын жазады (VI-том, Верный үйезі. 1913. 78- бет).

Әу баста генерал Калпаковский мен Албан Тазабектің арасында туған күрес өстіп халықаралық дәрежедегі мәселеге ұласты. Нәтижесінде, Жетісудың шығыс аудандарында, атап айтқанда, сол кезгі Жәркент, Верный үйездерінде бір-бірімен байланыса орналасқан ұйғыр ауылдары пайда болды. Тарихшы Кабировтың айтуына қарағанда, саяси себеппен өйтіп бүкіл бір обылыстың халқын басқа жаққа жер аудару бұрын-соңды тарихта болмаған көрінеді. Оған дейін Жетісуда ұйғыр ауылдарының болмағанын 1910-жылғы мына зерттеу айқын көрсетеді:

«Аксу ауылдары Құлжа өлкесінен 1881-1882-жылдары таранышылардың көшіп келуі нәтижесінде құрылған» (П.П.Румянцевтің кітәптерінен құрастырылған «Уезды Жетысу» кітәбі, «Жалын», 2000. 240-бет). Жаңа қонысқа келген таранышыларға үй басы 4 сом 17 тыйыннан беріліп, олар 10 жыл бойы салықтан босатылған, жер үшін қазақтарға да ештеңе төлемеген (сонда, 241-бет).

«Шарын ауылы 1883-жылы құрылды. Негізгі халқы таранышы мен дүнген. Басым көпшілігі Құлжа өлкесінің Нилка, Мазар және Шонжы деген үш жерінен келген таранышылардан тұрады» (243-бет).

«Жетісу обылысындағы Кетпеннен басқа барлық таранышы ауылы 1881-1883-жылдары «Дүнген көтерілісі» атанған көтерілісті басу нәтижесінде және Құлжаны орыстар Қытайға берген соң құрылған» (244-бет).

«1881-жылы Құлжаны орыстар Қытайға қайтарып беріп, жаңа шегара белгіленуіне байланысты, Кетпен болысы түгелдей орыс жеріне қарады. Мемлекеттік шегара Қалжат ауылының шығысынан 7 шақырым жерден өтеді» (245-бет).

«Масықбай мекені Жаңғызтай, Байтоқай, Көгенші, Қан, Жұғар – Жаңғыз-тай, Шарбағашы, Терметі деген 7 жерден шыққан адамдардан құралған. Алғашқы бесеуі Құлжаның оңтүстігінде 7 шақырым жерде» (245, 246-бет).

«Бәйсейіт ауылы Шелек өзенінің оң жақ жағалауында... Ауылдың іргетасы 1881-жылы қаланды... Көпшілігі 1882-жылдың көктемінен, соңғы қоныстанушылар 1885-жылы келді... Бәйсейіт деген атты сол араның бұрынғы атауынан қойды» (247-бет).

«Қорам ауылы Іле өлкесінің 11 мекенінен шыққан 775 адамнан құрылды» (248-бет).

Лабар ауылын Құлжа өлкесінің алты мекенінен шыққан таранышылар құрғанын, онда 450 үй бар екенін жазады (253, 254-бет).

Жоғарғы және Төменгі Қаратұрық жайында: «Ауылдар 1883-85-жылы Құлжа өлкесінің Герем, Шапшал, Торузтара, Кіші-бура деген төрт мекенінен шыққан адамдардан құралған», – дейді (255-бет).

«Терең – Қарасу ауылы... 1883-жылы Тасүстен, Алтом, Ақтом, Аблаш Йузы, Бақтоқай, Қадыр-Йузы деген алты мекеннен шыққан адамдардан құралған» (256-бет).

«Киікбай ауылы 1881 – 82-жылы Құлжа өлкесінен таранышылар өткен бетте құрылған» (258-бет).

М.Н.Кабиров Шарын өзенінің алқабына жаппай таранышылардың көшіп келуінің нәтижесінде, жаңадан Акру – Шарын ауданы құрылғанын жазады («Из истории казахов» кітәбі, «Переселение Илийских уйгур в Семиречье». «Жалын», Алматы. 1999. 260-бет).

Кейін, кеңес заманында, 1935-жылдың 9-қаңтарында ҚазАтКом Президиумының қаулысымен Ұйғыр ауданы құрылып, орталығы Дубун ауылы боп белгіленеді. Ауданның аты солай аталғанмен, мұнда тұратын қазақтар саны да ұйғырлармен шамалас. Олардан басқа орыстар да, түріктер де, басқалар да аралас-құралас тұрады. 1940-жылы аудан орталығы Подгорное ауылына, 1945-жылы Шонжы ауылына көшіріледі. 1963-жылы Ұйғыр ауданы қысқартылып, Панфилов ауданына қосылып, ол 1964-жылы қайтадан жеке аудан болып құрылады. («Справочник по истории административно-территориального деления Алматинской области», Алматы, 2002, 117-бет).

Жетісу өлкесінің бір ғасырдан астам бұрынғы бұл тарихы – кәзіргі жастарға қасиетті шындық. Ежелден ағайын қазақ, ұйғыр халықтарының тағдырлас, мұңдас болған бір шағы сол XIX-ғасырдың соңғы жылдары. Қазақ ұйғырдың немесе ұйғыр қазақтың жерін басып алған жоқ, орыс пен қытай сияқты екі алып елдің әлім жеттілігінің әсерінен тәуелсіз сұлтанаты құлап, қиын бір кезеңді басынан кешіріп отырған ұйғырларға қазақ жері бірден-бір пана болды. Ал орыстан қашқан албан, суан тайпаларына біраз жыл ұйғыр сұлтанаты да пана болған-ды. Соның бәрі – ағайын халықтардың тарихында ұмытылуға тиіс емес оқиғалар. Ауданның аты кәзіргі кезде Ұйғыр ауданы деп аталған соң, тарихты терең білмейтін көп жұрт бұл ара ежелден ұйғырдың жері екен деп шатасады, әсіресе кеңес дәуірінде Қазақстан тарихын арнайы оқымаған ұрпақтар арасынан ондай адасулар жиі байқалады. Ал, шын мәнінде, бұл ара – негізінен Шарын өзенінің алқабына жататын қазақтың ежелгі мекені. Ол араның Ақсақ Темір заманында да Шарын аталғанын оның жорығына байланысты жазбалар да дәлелдейді. Ал бұл өңірге ұйғырлардың қоныстануына Албан Тазабек батырдың орыс басқыншыларына қарсы күресі сылтау болғанын білу де бүгінгі ұрпақ үшін өте қажет деп ойлаймын.

Бексұлтан НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ,
жазушы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Әсілінде, атам қазақ түтіні түзу шыққан әрбір қара шаңырақтың иелері – ақсақалдар өзінің артынан өскен өрен-жаранын ес жиып етек жапқанша отбасында өзі тәрбиелеп, өнегеге жетелейді деп санайтын болған. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Туғаннан сәбиін бесікке бөлеп, әуезді әнмен тербетіп, әлдилеп құлағына күміс қоңырау үнін сіңіріп қазақылыққа бейімдеген. Төрден еңбектеп есікке жеткенше есейіп, ержетіп елінің азаматы болғанша нешеме сынама жолдан өткен.

ҚАЗАҚЫ ҚАМШЫ

«Жетіге келгенше жерден таяқ жейсің, жетіден кейін елден таяқ жейсің» деген мақалда үлкен мағына бар. Ел арасына кеңінен тараған мақалға алынып отырған жеті санының да халқымыз үшін мәні үлкен. Еңбектеп жүріп қаз тұра бастағанда тұсау кесерін жасамаса, бала өзінің қалталақтап жүргеніне қызығып бұлдыраңдап сүрініп, құлап жылап жатады. Жұрт арасындағы жерден таяқ жейді дейтіні сол. Аяқ басысы нық, қадамы құт-берекелі адамға тұсауын кестірген соң құлдыраңдай жүгірген бала жаңа тіршілікке бет қояды. Отбасының жақсы, тәлімді тәрбиесі баланың бойына болашақта өзінің елін, жерін сүю қасиетін дарытады. Өз үйінде жүргенде ісімен, сөзімен өрескел әрекеттер жасаған баланың жаман қылығына дер кезінде тыйым салып отырмаса, тоқтатпаса оның көкірегіне осылай болуы керек екен ғой деген сенім ұялап, ол бірте-бірте әдетке айналып қалыптасып кетуі мүмкін. Мұндағы айтылған мәселе таяқта емес. Балаға дер кезінде тоқтау салу, ерсі қылығын тыйып отыру деген мағынада айтылады. Осыдан барып бала алтыдан асып жетіге қадам басқанда есін жиып, етегін қымтайды. Ал, екінші буынында жасырылып тұрған «Жетіден асқан соң елден таяқ...» дегені ел алдында сүбелі сөз айта алмай, жұрт алдында өзінің тәрбиелі ортадан шыққандығын көрсете алмауы, мінезін қалыпты ұстауға төзімі жетпей, кеселді мінездерімен көрінуі өзіне соққы болып тиетіндігін еске салады. Көп ортасына сіңісіп кете алмай шетқақпай қалатындығы бүркемеленіп жеткізіліп тұр. Астарлы сөзді тереңіне үңіліп оның мәнін ұғына білетін жандар ғана сезіне алады. Осы орайда кімнен қорқу керек деген жанды сұрақ туындағанда аталарымыз «Баласын тек демегеннен, итін кет демегеннен қорқу керек» дейді. Тектілік сөзінің түбірінде «абайлап сөйле», «әр нәрсенің байыбына жетпей іс қылма» деген тоқтау, тыю сөздері тұрғаны аян. Жоғарыда айтылған мәтелде болашақтағы ел мен жұрттың иесіне сен дұрыс тәлім-тәрбие бер деген ата-анаға ескерту жатыр.

Аруақты бабаларымыздың аузынан шығып дүйім ел-жұрттың арасына жағалай тарап сабақтаса бізге жеткен құнды дүниелеріміз мол-ақ. Солардан сары майдай сақталып жеткен салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, жол-жоралғы, ырым-тыйымдарды, ести жүріп есіңе сақтап, көре жүріп көңілге түю арқылы осы киелі ұстанымдардың елдің ілгерілеуіне, ынтымағының кірігуіне өлшеусіз пайдасын тигізгенін білесің. Күнделікті таңғы ұйқыдан оянған кездегі қаракетіннен бастап ел көзі жұмылғанша ұл-қызына, келініне ұлттық салтты бойларына сіңірумен айналысқан ата-аналарымызды қалай қараңғы деп айтамыз? Көшпелі өміріміздің тұрмыс-тірлігінен, оны айтпағанда әлемдегі жер көлемінің үлкендігімен қатар әртүрлі географиялық кезеңдердегі қалыптасу бедерімен, жан-жануарлары, өсімдіктер әлемінің ерекше біткендігінен хабарсыз, сырттай көргеннің бәрін жабайылыққа санайтын өзге ұлт өкілдері тірлігіміздің сәттерін түсіне алмайды. Сырттай зерттеушілердің көпшілігі қазақы көшпелі тұрмысымызға қарай мәдениетіміздегі ұлттық салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрып, жөн-жоралғымыздың қалыптасқандығын, соның байырғы элементтерінің еш жерде жазылмай-ақ ата-бабаларымыздың айтқанынан жадымызға ұялап, ғасырдан-ғасырға ұласып, бізге беріліп сақталып келе жатқандығына әрі оның көп қатпарлылығына жетелері жетпейді. Табиғаттың өзгермелі құбылыстарын терең біліп, ауа райының ыңғайына қарай әрекеттеніп үйренген халық артында қалар ұрпақтарының қанына жоғарыдағы рәсімдерді түйсіну арқылы сезінсін деп сіңіріп кеткен. Тәлім мен тәрбиені өрнекті сөзбен өріп айтып та, кейде жетесіне жететін қыймыл-әрекеттер арқылы да беріп отырған.

Бірде, сексеннің сеңгіріне шыққан, өзінің алдындағы өмірдің небір өткелегінен өткен үлкендерден естігенін жайларын жадысына түйіп өскен оқыған-тоқығаны мол ағамыз әңгіме айтуға ыңғайланды.

«Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді, – деп бастады ағамыз құдамыздың үйіндегі бас қосуда. – Қазіргілерді қайдам, ертедегі қазақтар қолында бір биесі болса да құлын күнінен бастықтыру үшін байлайды. Күнделікті желіге ноқталанған құлын қолға тез үйреніп, жуасып өседі. Балалықтан өткен күнім. Ат жалын тартып мініп, ерте есейдік қой. Күн көтерілмей тұрып жақын жерге апарып тұсап қойған атты эрттеп міне салып, жайылымдағы жылқыларға бет алдым. Кеше кешкілік сауым біткен соң желіден босатқан құлындарын ертіп ауылдан біршама жер ұзап, жайылып кеткен биелерді қайырмалап, топтап, басын үйге қарай бұрып жібердім. Желі басына үйреніп қалған емес пе күлтеленген құйрықты көтеріп ойнақтап құлдырандаған құлындарын ертіп қонысқа сүргектеп еністей жөнелді. Қалың құлынды биелерден шеттеу жайылып жүрген күнделікті шаруаға мінетін торы атты беткейден қайырып едім түнімен оттап тыңайып қалған болуы керек, қайырым бермей шұрқырай шапқан құлынды биелердің соңынан салды. Басын шұлғып-шұлғып алып ойнақтай тартты. Желе жортып келе жаттым да, қара жолдан қиыстау тігілген ауылдан өтіп ұстатпай жөнелер, қайыра қойын деп астымдағы атымды қамшымен бауырлата тартып-тартып жіберіп, соңынан бастырмалатып тұра қудым. Ауыл болып қонған үйлермен шауып келе жатқан екі ара кәдімгідей жер. Әлгі жамандатқыр шабан торыны қай сайтан түрткенін кім білсін, тоқтар емес. Қара жолға түсіп, құйрығын тіктеп алып безіп барады. Жайшылықта мың салсаң бір баспайтын шабан аттың шабысы да мұндай екпінді болар ма, астымдағым барлыға бастады. Құлынды биелер жолдан ығысып шығып олар қалды. Үйге әудем жер қалғанда сол жақтан келіп қиысатын жолмен келе жатқан салт атты кісі шапқылап келе жатқан мені көріп артымнан тұра шапты. Есіл-дертім алдымдағы қайыру бермей қашқан жаман торы атта болған соң, бұл кісінің маған қарай шауып келе жатқанын жарыспақ ойы бар шығар деп ұғып, астымдағы атымды тепкілей бастадым. Тақымдасып қалай жетіп келгенін білмеймін, арқамнан тиген қамшының ащылығы сонша көзімнен жасым бұрқ ете түсті. Артыма жалт қарасам жасы үлкен, бурыл сақалы белуарына түскен ұзын кісі екен. Қамшымен сабай жөнелді. Желегей киінген ем, қыйсайып аттың бауырына тығылсам да, қанша ойбайласам да жөніме қоймады. Екі жағыма шығып келіп сабады. Тігілген киіз үйлерге жақындағанда атының тізгінін тартып, бұрылып алып түк болмағандай атын аяңға түсіріп ауылға тоқтамай сыдыртып өте шықты. Үйге жетпей аттан ауып түскен менің көзімнен жасым бұтарлап ағып, жон арқам күлдіреп, қамшының өрімі тиген жерлері дуылдап ашып, ұшы асып тиген майқұйрығым да тызылдай жөнелді. Жылап келе жатып бұл кісінің мені бекерден бекер сабағаны несі деп түсінбей дал болдым. Үйдегілер көріп тұрып неге ара түспеді деп те ойлап қоямын. Өксігімді баса алмай, атымды жетектеп тігілген үйлердің шетіне жақындадым. Бақырған дауысымды естіп сыртқа шығып қарап тұрған ел-жұрт айналып киіз үйлерге қайта кіріп кетті. «Не болды?», «Неге сабады?» деген жан баласынан сұрау шықпады. Жетектеп әкеліп мама ағашқа атымды байладым да, солығымды басып алайын, бір жағы үй ішіндегілерге өкпелегендігімді білдіріп, алысырақтау жатқан қойтасты тастыайналып етбеттеп жата кеттім. Күнделікті құлындарды желіге байлап тастап ертеңгі асымызды ішетінбіз. Менде маған жаны ашитын бір адам келіп тамағыңды іш дейтін шығар деп қойып жаттым. Үй жақтан тырс еткен пенде жоқ. Содан қойшы әлгі тығылып отырған жерімде бір отырып, бір тұрып жаталақшып жүргенімде, күн түс ауа бесін кезінде ғана онда да, көрші үйдегілер айғайлап: «Оразаңды аш» деп шақырды. Кешелі бері аузыма нәр салмаған мен үн-түнсіз келіп дайын асқа бас қойдым. Дастарханды айналып отырғандардан ләм-лим деген дыбыс шықпайды. Мән-жайды ұқпай ауқаттанып отырған мен де ертелі-бері адам деп ешкім тіл қатып сөйлеспегеннен кейін өзімді бір іске кінәлі адамдай сезініп үн шығара алмадым. Әлден кейін мен әлін жиып алды-ау деген болуы керек «еһ-хе» деп тамағын қырнап алып, жасы алпыстан асқан ағамыз менің ағаттық іс жасап қойғанымды ақырындап отырып жеткізді. Сондағы үлкеніміздің айтқаны мынау. «Жаугершілік заман болмаса жайшылықта қазақ ешқашан да өзінің ауылына, үйіне қарай атпен шауып келмейді. Егер ауылда бір адам қайтыс болса көрші ауылдағылар, хабар алған алыстағылар кісісі қайтыс болған қаралы үйге қарай «Ой, бауырымдап» дауыс шығарып ат қояды. Шауып келіп жақындағанда атынан аударылып түсіп, күтіп алып тұрған жігіттерге шылбыр-тізгінді тастай салып сырттағылармен жылап көріседі, үйге кіріп көңіл айтады. Әйел адамдар алыстан аттан түсіп, жаяу дауыс салып келіп көріседі. Ертеңгілік сені «Мынау бір жаман ырым бастады» деп қамшымен жоныңнан қан шығарып сабаған қария ұлағатты іс істеді. Қамшысын сілтеп қан шығарғаны жамандықтың бетін қайырғаны. Ал ауылдағылардың жаман ырым бастаған сенің қылығыңнан шошынып дауыс тарасын деп түс аудырғаны содан. Бейбіт күнде шауып келіп үйге кірсең өзіңмен бірге қаралы хабар әкелген жаманатты адам болып саналасың. Әр нәрсенің тоқтауы болады. Біз сені жанымыз ашып аясақ та ауылға жамандық шақырмайық деп күн ауғанын соңын күттік» деп тоқтады ағамыз. Көпті көріп, көңілінен талай істі оймен сүзіп өткізген, ел арасындағы әдет-ғұрыптың, салттың сақтаушысы осы үлкендер екен ғой деген ой келді. Әр басқан қадамымыздан, істеген қылығымыздан өрескелдік көрсе «тәйт» деп қайырып тастап отыратын үлкендер болмаса адамдық салттан баяғыда жұрдай болғандай екенбіз ғой деген ойға қалдым. Үлкен ағамыздың сөздерінен кейін жас болсам да өзімнің өрескел қате жібергендігімді ұғындым. Жолай көлденеңнен келген жолаушы қарияның мені қамшымен сабаған әрекетін өрескелдікке санағаным дұрыс емес екен, ол кісі сұңғылалығының арқасында бәлекеттің алдын алыпты. Тобылғы сапты қамшының өрімі тұщы етіме батып, ащы таяқ болып, ендігәрі менің айналама байыммен қарауға көкейімдегі көзімді ашты. Қазақтың киелі деп саналатын қамшысының да адамды тәубеге келтіретін, жөні түзу жолға түсіретін, тәрбиелейтін қасиеті бар екен-ау деген ойға келдім», – деп аяқтады әңгімесін ағамыз.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы»
газетінің Бас редакторы.

ҚЫТАЙ ТУРАЛЫ АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ



Мари Маннинен (Mari Manninen) – фин журналисі, Helsingin Sanomat газетінің тілшісі. 2013–2016 жылдар аралығында Қытайда тұрған. Оның осы ел туралы мақалалары Финляндияның ірі мерзімді басылымдарында жарияланған. Батыстың бұқаралық ақпарат құралдары Қытай насихатының құрбанына айналып, Қытайдың идеологиялық аппараты таратқан мәліметтердің жетегіне түсіп кететін кездер де болады. Қытай коммунистік партиясының жетекшілігімен тынбай жұмыс істеп тұрған үгіт-насихат машинасы құрған тұзаққа тіпті ғалымдар да түсіп жатады. Маннинен ханым бұл еңбегінде, біріншіден, Қытай туралы кейбір мифтерді жоққа шығаруды, екіншіден, осы елдің өзгеруге бейім, сан алуан бейнесін ашып көрсетуді көздеген. Бұл еңбекті ағылшын тілінен ықшамдап аударып ұсынып отырмыз.

Қытайдың 5000 жылдық тарихы бар

Жоқ, олай емес. Ел тарихы коммунистік партияның үдесінен, ориентализмге әуестенгендердің көңілінен шығатындай етіп бұрмаланған.

Қытайдың 5000 жылдық тарихы бар деп, оны өзге елдерден үлкен мемлекет, әлдеқайда көне өркениет екеніне сендіру үшін айтады. Бұл миф 1990 жылдарда пайда болған. Оған дейін елдің «небары» үш-төрт мың жылдық тарихы бар деуші еді.

1996 жылы Қытай Халық Республикасының (ҚХР) төрағасы Цзян Цзэминь Мысырға сапар шекті. Сонда Мысыр мәдениетінің Қытай мәдениетінен көне екенін естіген қытайлықтар ешкімнен кем болғысы келмей, тарихи шежіресіне «жетпей жатқан» бірнеше мың жылды қосып жіберген деседі.

Ғалымдар Қытайдың, шындығында, екі мың жылдан асатын тарихы бар деп топшылайды. Яғни Қытай мемлекеті Еуропада Рим империясы қалыптасқан кезде (шамамен сол кезеңде) пайда болған. Осыдан 2000 жыл бұрын Цинь Шихуанди елдегі жауласқан патшалықтардың басын қосып, бір орталықтан басқарылатын мемлекет құрып, өзін Цинь патшалығының (Қытайдың) тұңғыш билеушісі деп жариялаған.

Қытай тілін білсең, 1,4 млрд адаммен тіл табыса аласың

Қытай үкіметі елге ортақ бір тіл бар екеніне сендіріп бақса да, лингвист ғалымдардың пайымдауынша, *қытай тілінің диалектілері (жергілікті тілдері) арасындағы айырмашылық француз және испан тілдерінің арасындағы айырмашылықтан кем емес*.

Қытай тілі жеті негізгі диалектіге бөлінеді: мандарин, у, кантон (юэ), минь, хакка, гань және сян. Ал енді жазба тілі бәріне ортақ. Қағаз бетіне түскен иероглифтің мағынасы диалект әсерінен өзгермейді.

Көпшілік мандарин тілінде сөйлейді. Қытай – әртүрлі мәдени-тілдік топтар біте қайнасқан ел. Қытай тілі курстарында үйренетініңіз – *путунхуа* (мандарин негізінде қалыптасқан ауызекі тілдің ресми стандарты).

Си Цзиньпин – путунхуаны жетік меңгерген алғашқы Қытай басшысы.

Ұлы Қытай қорғаны Айдан көрінеді

Қытайлар осы бір көрікті нысанның тарихын да әдейі боямалап жүр.

Туристер Пекинге келген бойда Ұлы Қытай қорғанын (ҰҚҚ) көруге асығады. Алайда саяхатшыларға арналған ақпараттық материалдардың оқырманды жаңылыстыратыны да рас. ҰҚҚ, біз ойлағандай, теңіз жағалауынан басталып, құрлықтың ішіне қарай еніп, ұзыннан ұзақ созылып жатқан біртұтас, монолитті құрылым емес. Шын мәнінде, қорған көптеген фрагменттерден, тармақтардан құралған. Қорғанның көп бөлігі жер бетімен бірдей, тегіс үйінді болып қалған.

Бұл қорғанның ұзындығын да дәл айту мүмкін емес, өйткені оны қалай, қай жерден бастап, қандай бөліктерін қосып өлшеу керек екені анық емес. Біреулер оның ұзындығы 6000 шақырым десе, өзгелері 21 000 шақырым деп жүр. Әдетте туристерді қорғанның Пекин іргесіндегі Базалин немесе Мутяньюй деген жақсы сақталған бөліктерін тамашалауға алып барады. Қорғанның сақталған бөліктерінің көбісі XVI ғасырда, Мин династиясының тұсында тұрғызылған. *Қорғанды шынымен ғарыштан көруге болады; адам ғарыш кеңістігін игере бастағанға дейінгі кезеңде ҰҚҚ Айдан да көрінеді деп сенген, мұнысы – жалған*.

Жер орбитасында болған ғарышкерлер қорғанды бірнеше жүз шақырым қашықтықтан көрген, ал Айға дейінгі қашықтық жүздеген мың километрді құрайды. Ұлы Қытай қорғанының 2000 жыл бұрын салынғанын растайтын тарихи деректер жоқ, қорғанның ең ұзын бөлігі, көп болса, 500 жыл бұрын тұрғызылған.

Ұлы Жібек жолы

Бұл терминді неміс географы Фердинанд фон Рихтгофен 1877 жылы үлкен Қытай атласына енген карталардың біріне ат қою үшін ойлап тапқан. *Осы жолмен жүрген көпестердің өзі оны «Жібек жолы» деп атамаған*. Жалпы Қытай мен Еуропаны байланыстырып тұрған бір ғана жол болмаған; біздің «Ұлы Жібек жолы» деп жүргеніміз – таулы аймақтар мен түрлі алқаптар арқылы өтетін көптеген жолдар мен соқпақтар желісі.

Жібек – осы жолмен тасымалданған ең құнды бұйым болмаған. Аса маңызды тауарлар: алтын, күміс сияқты асыл металдар, хош иісті заттар мен дәрі-дәрмек болған.

Қытай мемлекеттік саясатын жүз жылға жоспарлайды

Батыста қандай да бір іс барысын тоқсан-тоқсанға, ары кетсе бір-бірнеше жылға бөліп жоспарлайды, ал нағыз ұзақмерзімді стратегиялық ойлаудың көкесін қытайлар көрсетеді; олар бірнеше ұрпақ өмірін қамтитын жүз жылға бұрын жоспар құрады деген пайым бар. *Бұл да – миф*. Бұл да ориентализм ықпалымен қалыптасқан жалған ой.

Қытайлар өзге халықтардан көреген, білгір емес. 1972 жылы ҚХР үкімет басшысы Чжоу Эньлайдың *«Француз революциясына баға беру әлі ерте»* деп айтқанына Батыстағылар «Қытайлар 1789 жылғы оқиғаларды баяғы тарих еншісіне айнала қоймаған оқиғалар деп санайды екен» дегендей ой түйіп, қатты таңғалған. Шын мәнінде, Эньлай мырзаның айтқаны XVIII ғасырдағы революция емес, 1968 жылғы көтерілістер жөнінде еді.

Мәселен, 2050 жылды меже еткен кешенді мемлекеттік бағдарламалар Қытайда ғана емес, басқа мемлекеттерде де бар. Қытай үкіметі төтенше шешімдер, шұғыл шаралар қабылдамайды деп кім айтты? Қытай үкіметінің де күтпеген жағдайларға тап болатыны бар.

«Бір отбасы – бір бала» саясаты

Бір отбасына бір-ақ бала тууға рұқсат берілген деген мәлімет жалған.

Бала туу қарқынын тежеу мақсатында енгізілген аталмыш саясат 1980–2015 жылдар аралығында жүргізілген. *Ол аты айтып тұрғанда, қатаң саясат болмаған*. Онда жалпы ережеге бағынбайтын, бірыңғай жағдайлар қарастырылған. Мәселен, ауылдық жерлерде тұңғыш бала – қыз болса, ата-анасына екінші бала тууға рұқсат етілген. Шектеулерге қарамай, екі, не одан да көп бала туған отбасылар да аз емес; автор жеті рет құрсақ көтерген анамен танысқанын жазады. Билік ондай балаларды заңсыз туған деп танып, оларға құжат бермеген. Ауқатты отбасылар заңсыз туған әр баласы үшін мемлекетке айыппұл төлеп құтылатын, ал кедейлердің ондайға жағдайы жоқ.

Қытайлар әдепсіз, тәрбие көрмеген

Олардың жүріс-тұрысы, мінез-құлқы еуропалықтардікінен ерекше, әрине. Қытайда болған туристер жергілікті халықтың әдеп сақтауды білмейтінін, өзін дөрекі ұстайтынын көп айтады: кезекте тұрғандардың жанындағыларды шынтағымен итеріп жіберуі, *таксистердің дауыс көтеріп, сөз қайтаруы, дүкеншілердің сұраған затты алдыңа лақтырып жіберуі ғажап емес*.

Дегенмен қытайлар әдепсіз деген де – миф. Қытай этикетін жеке (үйдегі) этикет пен қоғамдық орындардағы этикет деп екіге бөлуге болады. Көшеде, танымайтын біреуге дөрекілік танытқан *қытайлар көршілеріне, үйіне қонаққа келгендерге, әріптестеріне барынша ізеттілік танытып, көңілін аулауға тырысады*. Еуропалықтар үйде де, көшеде де адамдарға бірдей қарауға тырысады. Мұны азаматтық қоғам қағидаларының үстемдік құрғанының нышаны деп бағалауға болады. Ал қытайлар үшін туған-туысқандар, жақын адамдар бірінші орында. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, әдепсіздік танытып, шетелдіктердің көзіне түсіп жүргендердің көбісі – ауылдан келген қарапайым жұмысшылар, оқымаған қараша халық.

Қытайда социализм салтанат құрып тұр

Жоқ, Қытайға қарағанда Финляндия әлдеқайда социалистік ел.

Скандинавия елдерінде жұмысшылар ереуілге шығуға, өзекті қоғамдық мәселелер бойынша ұстанымын ашық білдіруге құқылы; ал халықтың мұқтаж топтары мемлекеттен әлеуметтік жәрдемақы алып тұрады. Қытайда олай емес. Қазіргі Қытай – коммунистік мемлекет емес, коммунистік партия басқаруындағы мемлекет. Онда кәсіподақтардың қызметіне іс жүзінде тыйым салынған, қоғамдық ұйымдардың жұмысына шектеу қойылған, экологиялық нормалар қатаң сақталмайды. *Қытайда социализм емес, капитализм, нарықтық экономика салтанат құрып тұр*. Кейбір салаларда кәсіпкерлікті дамытуға Батыс елдерінен де жақсы жағдай жасалған. Десек те, ел экономикасының стратегиялық маңызы бар салалары түгелімен мемлекеттің басқаруында. Ел экономикасы әлі де жабық экономика болып саналады.

Ержүрек қытай коммунистері Екінші дүниежүзілік соғыста елді жапон басқыншыларынан азат етіп, жапон әскерін талқандаған

Бұл да – миф. Жапонияға тойтарыс беру үшін, 1937 жылы (елде азамат соғысы жүріп жатқанда) Гоминьдан партиясы ел ішіндегі қарсыластарымен – Қытай коммунистерімен күш біріктірген. Сырттан келген жаумен соғыстың ауыртпалығын Гоминьдан көтерді. Коммунистер болса, жапондықтармен бір-ақ рет ірі шайқасқа түскен, соның өзінде жеңіліп қалған. Жапонияны тізе бүктіруге АҚШ, Франция, Кеңес Одағы сияқты одақтастардың да үлес қосқанын ұмытпаған жөн. Жапония қарулы күштеріне ойсырата соққы берген ел – АҚШ.

Бұл соғыстағы Қытай коммунистерінің рөлін асырып көрсету елде *партия билігін сақтап қалу* үшін, «халықты отаршылдық бұғаудан босатқан – коммунистер» деген тарихи пайымды насихаттау үшін қажет.

1989 жылы Тяньаньмэнь алаңындағы көтеріліс туралы алыпқашпа әңгіме көп.

Бұқаралық ақпарат құралдарында Қытай әскері демократиялық ұран тастаған жүздеген студентті атып өлтірген деген мәлімет жиі ұшырасады. 1989 жылдың көктемінде халықтың негізгі демократиялық бостандықтарын қорғауды, сыбайлас жемқорлықты жоюды талап еткен студенттер наразылық акцияларын ұйымдастырған. Көп ұзамай студенттерге жұмысшылар, тіпті әскерилер мен полиция қызметкерлері де қосылған.

Ереуілге шыққандар Пекинде ғана емес, елдің басқа қалаларында да болды. Маусымның үшінен төртіне қараған түні, билік Тяньаньмэнь алаңына жиналғандарды қуу үшін әскер жіберген; сонда қала тұрғындары алаңға бет алған әскерилер мен танкілердің жолын бөгеп, кедергі жасаған. Алаңға жиналғандарды қуа бастағанда, студенттердің көбісі тарап үлгерген. Алаң аумағында бейбіт халықтың қаза тапқан-таппағаны туралы нақты, сенімді ақпарат жоқ. Жүздеген адам емес, бірнеше адам ғана өлген деген болжам бар.

Тибеттіктер – ең бейбітсүйгіш халық

Тибет халқының Қытай үкіметінен зәбір көріп отырғаны рас. Алайда тибеттіктерді иманмен қаптап қойғандай мінсіз деп қана көрсету ағаттық болар. Олардың да қарулы көтеріліске шыққан, зорлық-зомбылыққа жол берген кездері болды.

Тибеттіктердің Қытай үкіметіне қарсы күресін айтқанда, бірден зорлықсыз, бейбіт қарсылық идеясын насихаттап жүрген *Далай-лама* тұлғасы еске түседі. Тибет халқының күресін тек бейбіт шаралармен ғана байланыстыратынымыз да содан болар.

Бұған қоса, Батыста Тибеттің діни-мистикалық бейнесі бұрында-ақ қалыптасып қойған: Еуропа – материализм құрсауында қалған жер, ал Тибет – рухани құндылықтар құлаш жайған құтты мекен деген образ бар. Сонымен қатар Тибет халқының құқын аяққа таптап, өктемдік еткен Қытай үкіметінің әрекеттерін көріп отырған Батыс аудиториясының қуғында (Үндістанда) жүрген Тибет үкіметі таратқан мәліметке оп-оңай сене қалатыны тағы бар.

Қытайдың басты азығы – күріш

Қытайға барсаңыз, күріштен басқа сан алуан тағам түрлерінен дәм татасыз.

Туристер қытай мейрамханаларында етті тамаққа тапсырыс берсе болды, оған қоса буға піскен күрішті тегін әкеледі деп ойлайды. Олай емес, *Қытайда күрішке бөлек тапсырыс беру керек*; күрішті, әдетте, ас соңында «тоймай қаламыз ба» деген оймен ғана алдырады. Дәстүрлі Қытай тағамдары дегенде, бірегейін бөліп көрсету қиын, өйткені Қытайдың әр провинциясының өзіне тән тағамдары, оларды дайындау тәсілдері бар (мысалы, Кантон, Сычуань, Хунань т.б. тағамдары).

Қытайлардың бәрінің бойы қысқа

Олай емес. Бұған Қытайға өзіңіз барсаңыз көз жеткізесіз. Ерлердің орташа бойы – 1,72 м, әйелдердікі – 1,6 м. Олар еуропалықтар сияқты бойшаң болмағанымен, Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азияның өзге ұлттары секілді аласа бойлы емес. Аты әлемге танылған қытай баскетболшыларын да ұмытпаңыз. Солардың бірі – *баскетбол жұлдызы Яо Мин* (бойы 2,29 м).

Қытайда қоғамдық ұйымдардың қызметіне тыйым салынған

Шындығында, елде биліктің заң қабылдау жұмысына, қоғамдық пікірге әсер ете алатын миллиондаған белсенділер мен арнайы үкіметтік емес ұйымдар бар. Мұнда азаматтық белсенділік танытуға мүмкіндік бар.

Аталмыш ұйымдар өз қызметінде әдетте көзге көрінбейтін, жария болмайтын әдістерге жүгінеді. Олар Батыстағы азаматтық белсенділер сияқты рұқсат сұрамай, ашықтан-ашық наразылық шеруіне шыға алмайды. Ал лоббистік әрекеттерге бару, бұқара халықтың қатысуымен пікірталастар ұйымдастыру, ақпарттық-танымдық кітапшалар тарату, сотқа шағымдану сияқты іс-шаралар оларға таңсық емес. Қытайда әсіресе экологиялық ұйымдардың қызметі өріс алған.

Қытай өнімдері сапасыз

Әлем халқы тұтынатын тауарлардың көбісі Қытайда шығарылады. Еуропа мен Қытайда өндірілетін негізгі тұтыну тауарларының сапасы бірдей деуге болады. Аспанасты елінде жасалатын дәрі-дәрмек пен азық-түлік өнімдерінің сапасы төмен болатыны шын, өйткені билік бұл өндіріс саласын Еуропадағыдай қатаң бақыламайды. Қытай автокөліктерінің де еуропалық стандарттарға сай келмейтіні ішкі нарықта сапалы көлік шығаруға стимулдың болмауымен байланысты.

«Жаңа Жібек жолы» (Бір белдеу – бір жол) жобасы

Қытайдың ғаламдық жобаны жүзеге асыруға хақысы бар. Батыс елдері өз қамын ойлағанда (отарлау дәуірінде әлемнің өзге елдерін, тұтас бір аймақтар мен құрлықтарды өзінің шикізат көзіне айналдырғанда), Қытайға неге өз қамын ойламасқа?

Батыс державалары кезінде қару мен әскер күшіне иек артса, Қытайдың серіктестеріне ұсынатыны – қыруар қаражат, пайыздық мөлшерлемесі төмен несие. Несиені өтей алмаған борышкердің жағдайы қандай болатыны айтпаса да түсінікті ғой. Мысалы, Қытайдан алған қарызын уақытылы қайтаруға шамасы жетпеген Шри-Ланка Қытайға стратегиялық маңызы бар портты жалға беруге мәжбүр болған.

Қытайдағы БАҚ және цензура

Елдің медиа-кеңістігі, интернет қатаң цензуралық бақылауға алынған. Десек те, *интернет дәуірінде қытай азаматының ақпарат алу, ақпарат бөлісу, ойын еркін білдіру сияқты бостандығын газет-журнал, радио-теледидар заманындағы «бостандықпен» салыстыруға келмейді*. Партия белгілеген ережелерді бұзбаса, интернетте біраз нәрсені айтуға рұқсат; тіпті саяси тақырыптарды да қозғауға болады, тек билікке сын айтпасаңыз, компартияның беделіне дақ түсірмесеңіз болды.

Тыйым салынған сөздер, сөз тіркестері кездесетін жазбалар, хабарламалар бірден бұғатталады. *«Қара тізімге» енген сөздер мен сандар* (!): «оппозиция», «демократия», «мен қарсымын», «1984» (билік елдегі өмірді Дж.Оруэлдың антиутопиясына ұқсатқанды қаламайды). Си Цзиньпин елді өмір бойы басқаруға өкілеттілік алған кезде «менің императорым» және «өмір бойы бақылау/аңду» сияқты тіркестерді қолдануға уақытша тыйым салынған болатын.

Алайда қытайлар тапқырлық танытып, тыйым салынған сөздердің орнына эвфемизмдерді, ұқсас/үндес тіркестерді қолдануды үйреніп алды. Мысалы, Си Цзиньпинге қатысты контексте *«таққа отыру»* деудің орнына *«ұшаққа міну»* деп жазатын болды (екі тіркестің дыбысталуы бірдей).

Қытай – бай ел; Қытай – кедей ел

Қытай – әлемнің АҚШ-тан кейінгі екінші ірі экономикасы. Ол 2030 жылға таман бірінші орынға шығады деп күтілуде. Соған қарамастан *Қытай өзін дамушы ел деп жүр*: бұл оған үшінші әлем елдеріне тиесілі жеңілдіктер алу үшін қажет. Ел байлығын жан басына шақсақ, Қытайдың топ бастай алмай қалатыны анық. Мәселен, Халықаралық валюта қоры жасаған бай елдер рейтингінде (барлығы – 187 ел) Қытай 72-орында: Қазақстан мен Науру арасында тұр.

Бұл елдегі долларлық миллиардерлердің саны АҚШ-тағы байлардың санынан көп екені рас. Дегенмен Қытайда көп адамның жоқшылықта өмір сүріп жүргені, олардың күнделікті табысы екі доллардан аспайтыны да өтірік емес.

Дайындаған Ерлан ЫСҚАҚОВ

anatili.kazgazeta.kz

АЯУЛЫ АНА, АСЫЛ ЖАР ЕДІ...

Қазақ жұрты ежелден бері әрдайым ана есімін ардақтап, кие тұтқан халық қой. Мыңжылдықтар қойнауынан сырт шерткен киелі Жаркент өңірінің қасиетті топырағында дүние есігін ашып, қанмен берілген тектілікті бар саналы ғұмырына бойтұмар етіп тағып, елге тұтқа болған, ұрпақ өсіріп, үлгі-өнегенің бастаушысы болған ақ жаулықты аналарымыз баршылық. Сондай аяулы жанның бірі, ел жақсыларының көзіндей болып, күні кеше ғана ортамызда жүрген Ырысжан Жарасбекқызы анамыз бүгінде бақилық болып, мәңгілік сапарға аттанды.

Ырысжан анамыз өткен ХХ ғасырдың қасіреті саналатын 1942 жылы Айдарлы ауылы маңайындағы Бықыбайдың ашасы деген жерде көктем мезгілінде өмірге келген. Көп ұзамай әкесі соғысқа алынғанда бесікте қалған сәби еді. Тағдырдың ащы-тұщысын тең татып, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп өскен Ырысжан тәтеміз жас күнінен-ақ елінің әдет-ғұрыпынан аттамаған. Қазақтың ата-дәстүрін берік ұстанған, баба әруағын сыйлап өскен биязы бойжеткенді ауыл-аймақ сырттай сүйсініп, мақтанышпен «текті қыз» деп әспеттеген.

Иә, уақыт бір орында тұрған ба, жылдар өтіп арманы алға жетелеген ерке қыз оқуға да ілікті. Имене басып алғаш рет мектептің де табалдырығын аттады. Өз ісіне ұқыпты, достыққа адал Ырысжан жаңа ортаға тез бейімделіп, білім нәрімен сусындады. Қоғамдық жұмыстар мен айтулы іс-шараларға да белсене араласып, зеректігімен, өнерімен де көзге түсіп басқаларға үлгі болды. Сөйтіп, 1959-1960 жылдары оқуды үздік бағамен аяқтап, кәмелеттік аттестат алды. 1962 жылы Москва сауда институтының Алматы қаласындағы сауда-саттық бөлімшесінің есеп-аудит факультетін тәмәмдап, Айдарлы совхозында малшаруашылық есепшісі болып қызметке тұрды.

Сол 1962 жылдың күзінде, өзінің жүрек қалауымен атасы арынды би болған, асылдың сынығы, жас ақын Әдепхан Төреханұлымен шаңырақ көтерді. Одан, 1965 жылы Алматыдағы ҚазПИ-дің Химия және биология факультетін бітіріп, Көктал ауылындағы Абай орта мектебінде химия-биология пәндерінен сабақ берді. Кейінгі, 1966 жылдан бергі зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейінгі уақыт аралығында Көктал совхозының «Күншуақ» балалар бақшасында есепші болып жұмыс жасады. 1993 жылы «Ардақты ана» ретінде еңбек демалысына шықты. «Батыр ана» Ырысжан тәте алты ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақуатты ана. Ері Әдепхан аға екеуі аялап өсірген ұл-қыздарынан 42 немере, 10 шөбере сүйіп отырған жарасымды жұп, берекелі де мерекелі, аймаққа үлгілі жанұя.

Балаларының бәрі де жоғары білімді, алды академик, кейінгі балалары республика, облыс, аудан және ауылдық мекемелерде басшылық лауазымды қызметтер атқарып жүрген мерейлі жандар. «Ана – әлемнің тірегі» демекші, Ырысжан анамыз өзінің ақыл-парасатымен, ерік-жігерімен барша жұрттың құрметіне бөленген аяулы жан.

Сұлулық пен нәзіктіктің, мейірім мен адалдықтың бастауы болған аналар, әрқашанда асыл жандар! Демек, отбасындағы береке, бала тәрбиесі мен сүйген жарға деген адалдықтың асқақ белгісі. Себебі, ананың махабаты мен аялы алақанының жылуы мен ыстық ықыласы қашанда зор құрметке лайық.

Округ әкімінің жетекшілігімен өткен қаралы жиында сөз сөйлеген алаштың арда ұлы Б.Нұржекеұлы, астанадан келген құда Нұрғали аға, ауылдың ақсақалы С.Сұлтанқұлов, тағы басқа айтулы кісілердің Ырысжан анамыздың өнегелі өмірі туралы айтқан естеліктері қаралы жиынға келген қарақұрым халықтың жандүниесін тебірентті. Қанмен біткен қарапайымдылығы мен тектілігі астасқан, елінің ардақтысы, әулеттің берекесі, алтын қазығы болған – Ырысжан Жарасбекқызын қимай-қимай, қара жер қойнына тапсырдық.

«Жаркент айнасы» газетінің ұжымы Ырысжан Жарасбекқызының қазасына орай отбасына, әулетіне, барша туған-туыстары мен жақын-жуықтарына қайғыра көңіл айтады. Топырағы торқа, жаны жәннәтта, тәні рахатта болсын аяулы анамыздың!

«Жаркент айнасы» газетінің редакциясы.

Еске аламыз, сағына...

Сарғайған сары күзбен бірге сарғайып, жерге қалқып түскен әрбір жапырақпен бірге жарыса тамған көз жасымызға ерік бере отырып, Айтбай әулетінің үлкен келіні Мұзапар қызы Жамиляны еске аламыз!

Бүгінгі күнде бүкіл дүние жүзіне тарап, қазағымның да жеріне келіп жеткен аждаһадай аты жаман ковид індеті талайдың ажалына себепші болып жатыр.

Талайды зар еңіретіп, анасын баласынан, жарын зайыбынан, келінін ата-енесінен, бауырын қарындастан айырып жатқаны анық.

Міне сол құрбандардың қатарына қосылып біздің де анамыз мәңгілікке сапар шегіп, бір ауыз сөзіне, аялы да жұмсақ алақанына, күміс күлкісіне зар қылып кете барды. Ұл-қыздарына қамқор ана болса, келіндеріне ақылды ене, әзілқой қайын апа, достарына адал құрбы еді.

Аман болғанында биылғы жылдың күзінде (20.09.2021) 67 жасқа толар еді, әттең. Мүмкін Алланың өлшеп берген жасы да осы болар, амал не...

Аллаға сабыр сұрап, сыртыңыздан құран оқып, дұға тілеп қала бердік. Ендігіде сізге туыстарыңыз бен ұрпақтарыңыздың тілері: жатқан жеріңіздің жарық, топырағыңыздың торқа болуы. Аллам өзіңізді өз рахымына алып, иманыңызды жолдас етсінші (Әумин!).

Сізді сағынамыз анашым, егер көзіңіздің тірісінде ренжітіп, қадіріңізге жете алмасақ кешіріп, разы болыңыз.

Сағынып еске алушылар: әулетіңіз, төркіндеріңіз, сүйікті келініңіз Жұмагүл және ұл-қыздарыңыз, келіндеріңіз: Жұлдыз, Бақдаулет, Айдын, Баян, Дидар, Берік, Айбын, Еркебұлан Жұлдыз, Ұлан, Толунай, немерелеріңіз және барша туыстарыңыз.

Анажан шаңыраққа болдың пана.
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда,
Сағындық, ана, сізді баршамыз да.

Жан-ана, ұл-қызыңның тірегі едің.
Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда,
Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.

Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы.
Сағынышпен туғандары еске алады.
Өзіңізбен бірге өткен әрбір күндер,
Жадымызда мәңгіге сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын, этнограф Әдепхан Төреханұлына аяулы жары
Ырысжан Жарасбекқызының
дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, ата жолымен көңіл айтамыз.

Рухани қаламдас іні-қарындастары.

Ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик Айбын Төрехановқа аяулы анасы
Ырысжан Жарасбекқызының
дүниеден озуына байланысты қазасына ортақтасып, ата жолымен көңіл айтамыз.

Ниеттес аға-інілері, әпке-қарындастары.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №8156